



САМУРЫҚ
КАЗЫНА

10 ЖЫЛ БІРГЕМІЗ


1^Ш ТОМЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2018


2016 2017 2018




ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ТҮСІМ, МЛРД ТЕҢҒЕ




АКЦИОНЕРДІҢ ҮЛЕСІНЕ ШАҚҚАНДАҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ТАЗА ПАЙДА, МЛРД ТЕҢҒЕ




ЕВІТДА MARGIN, %




МЕНШІКТІ КАПИТАЛ, МЛРД ТЕҢҒЕ



АКТИВТЕР, МЛРД ТЕҢҒЕ



САТЫП АЛУЛАР ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ҮНЕМ, МЛРД ТЕҢҒЕ



* Қайта есептелді, 2016 және 2017 жылдар ішіндегі операциялық шоғырландырылған көрсеткіштерді есептеу кезінде KMG International N.V. Көрсеткіштері жалғасып жатқан қызметтің шегінде ескерілді

**САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА
ЦИФРМЕН**



САМУК
ҚАЗЫНА

ШОЛУ

СТРАТЕГИЯ


БИЗНЕС ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІК БОЙЫНША ЕСЕП

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

МАҚСАТТЫҒЫ

ШОЛУ



«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы – дара акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын Қор.


Қор 2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылды және коммерциялық құрылым – инвестициялық холдинг болып табылады. Қор ірі мемлекеттік конгломераттардың: «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамы мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамының бірігуі арқылы құрылды.

ҚОРДЫҢ ЕҢ ІРІ АКТИВТЕРІ

«Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобына мұнай-газ және көлік-логистикалық секторлар, химиялық және атомдық өнеркәсіп, тау-кен-металлургиялық кешен, энергетика және жылжымайтын мүлік кәсіпорындары жатады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ

«Самұрық-Қазына» АҚ миссиясы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақтарға ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады.



2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕНГІЗІЛГЕН КОМПАНИЯЛАР ТІЗІМІ

	Иелену үлесі		Сегмент
	2018	2017	
1 «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ және оның еншілес ұйымдары	90,43%	90,09%	Мұнай-газ
2 KMG Kashagan B.V.	100%	100%	Мұнай-газ
3 «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ және оның еншілес ұйымдары	100%	100%	Тасымалдау
4 «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ және оның еншілес ұйымдары	85%	100%	Тау-кен өндіру
5 «Самұрық-Энерго» АҚ және оның еншілес ұйымдары	100%	100%	Энергетика
6 «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ («KEGOC») және оның еншілес ұйымдары	90% + 1	90% + 1	Энергетика
7 «Қазпошта» АҚ және оның еншілес ұйымдары	100%	100%	Телекоммуникация
8 «Қазақтелеком» АҚ және оның еншілес ұйымдары	51%	51%	Телекоммуникация
9 «Эйр Астана» АҚ («Эйр Астана»)	51%	51%	Тасымалдау
10 «Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ және оның еншілес ұйымдары	-	100%	Өнеркәсіптік
11 «Samruk-Kazyna Construction» ЖШС және оның еншілес ұйымдары	100%	100%	Басқалары
12 «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» және оның еншілес ұйымдары	100%	100%	Тау-кен өндіру
13 «Біріккен химиялық компания» ЖШС және оның еншілес ұйымдары	100%	100%	Өнеркәсіптік
14 «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС және оның еншілес ұйымдары	100%	100%	Басқалары
15 «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	100%	100%	Басқалары
16 «КОРЭМ» АҚ	100%	100%	Энергетика
17 «Атырау Халықаралық Әуежайы» АҚ	100%	100%	Тасымалдау
18 «Ақтөбе Халықаралық Әуежайы» АҚ	100%	100%	Тасымалдау
19 «Павлодар Әуежайы» АҚ	100%	100%	Тасымалдау
20 «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС және оның еншілес ұйымдары	100%	100%	Басқалары
21 «Qazaq Air» АҚ	100%	100%	Тасымалдау
22 «Қазақстан атом электр стансалары» АҚ	100%	-	Энергетика
23 «МАЭК-Казатомпром» ЖШС	100%	-	Энергетика
24 «Air Kazakhstan» авиациялық компаниясы» АҚ	-	53,55%	Тасымалдау

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ ІШІНДЕГІ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ 2018

Басқарушы директорлар санын 10-нан 5 дейін қысқартуды, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерді оңтайландыруды көздейтін Қордың жаңа ұйымдық құрылымы қолданысқа енгізілді

ҚР Үкіметінің баспасөз орталығында «Сатып алулар жүйесін жетілдіру және реформалау» тақырыбы бойынша Қордың брифингі өтті

Елбасының Біріккен Араб Әмірлігіне ресми сапарының аясында «Полиэтилен» жобасы бойынша ынтымақтастықтың негізгі шарттары жөніндегі Меморандумға қол қойылды

Н. Назарбаев төрағалық ететін Қорды басқару Кеңесі Қордың 2018-2028 жылдарға Даму стратегиясын және жаңартылған Трансформация бағдарламасын мақұлдады

«Атырау облысында біріктірілген газ-химиялық кешенін салу, Бірінші фазасы (полипропилен өндірісі)» жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау

«Атырау облысында біріктірілген газ-химиялық кешенін салу, Бірінші фазасы (полипропилен өндірісі)» жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау

Магистральдық мұнай құбырлары бойынша мұнай ағындарын басқару орталықтандырылған және цифрландырылған «ҚазТрансОйл» АҚ жаңа Бас диспетчерлік басқармасы өз жұмысын бастады

«Қазақтелеком» АҚ телеком бизнестің цифрлық трансформациясына және 5G технологиясының мүмкіндіктеріне арналған VI Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын өткізді

Fitch KEGOC рейтингісін «BBB-» деңгейінде растады: Болжам тұрақты

2018-2028 жылдарға арналған Қордың Даму стратегиясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 қазандағы № 656 Қаулысымен бекітілді

Қор «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ акцияларының 15% 168 млрд теңге (немесе \$451 млн АҚШ доллары) құнымен Лондон қор биржасында (13%) және Астана ХҚО қор биржасында (2%) сәтті орналастырды

Шүлбі ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма 500 кВ ӘЖ құрылысы» жобасын іске асыру

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ ІШІНДЕГІ ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІНГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ


2019

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және SOCAR Әзірбайжан мемлекеттік мұнай-газ компаниясы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және SOCAR ӨҚБҚ сенімді басқару шартына қол қойды

«Самұрық-Қазына» АҚ Дубай қаласында Nasdaq Dubai MarketSite алаңында инвесторлармен дөңгелек үстел өткізді

«Бір белдеу – бір жол» халықаралық ынтымақтастық форумының шеңберінде Қол Пекин қаласында жекешелендіру және Қордың инвестициялық мүмкіндіктері мәселелері бойынша дөңгелек үстел өткізді



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

Құрметті әріптестер, инвесторлар!

Қазақстан әлемдік экономикадағы түбегейлі өзгерістер қарсаңында тұр. Жаңадану процестерінің баяулауына, өнеркәсіп және сауда саясатында проекционизмнің таралуына және Қазақстанның негізгі экспорттық нарықтарында өсу қарқынының бәсеңдеуіне байланысты жағымсыз ғаламдық трендтердің күшейе түсуі ұлттық экономиканың дамуы үшін жаңа сын-тегеуріндер тудыруда.

Сонымен бірге қазақстандықтардың шынайы әл-ауқатының одан әрі өсуі үшін Мемлекет басшысы бізге инвестициялардың жаңа толқынын тарту, өнімді жұмыс орындарын құру, экономиканы әртараптандыру, өнімділікті арттыру және экспортты проактивті жылжыту бойынша стратегиялық міндеттер жүктеді.

Бұл үдерісте «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ маңызды рөл атқарады. Экономиканың маңызды салаларында ірі өндірістік активтерді шоғырландыра отырып, Қор инвестициялар тартуға, экономиканы жаңғыртуға, оның өндірістік және экспорттық әлеуетін ұлғайтуға және елдің ішінде құрылатын құнның артуына тікелей ықпал етеді.

2018 жылы Қор өз қызметінің барлық негізгі бағыттары бойынша қаржылық және өндірістік көрсеткіштерді асыра орындады. Еншілес компаниялардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ шоғырландырылған активтерінің көлемі бір жылдың ішінде 1,3 трлн теңгеге (5,3%) ұлғайып, 25,6 трлн теңгені құрады.

Акционердің үлесіне тиесілі шоғырландырылған таза пайда 88%-ға ұлғайып, 1,141 трлн теңгені құрады.

Қор бюджетке 1,1 трлн теңге сомаға салықтар мен төлемдер төледі, бұл 2017 жылдың көрсеткішінен 39%-ға артық.

Жекешелендірудің кешенді жоспарына сәйкес 2018 жылы жалпы сомасы 63 млрд теңгеге 20 актив өткізілді.

2018 жылдың елеуді оқиғаларының бірі «Қазатом-өнеркәсіп» ҰАК» АҚ акцияларын халықаралық IPO-ға шығару болды. Бұл 451 млн АҚШ долларын тартуға мүмкіндік тудырып, ол қаражат Ұлттық қорға бағытталды.

Алдағы жылдары «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы «Қазақтелеком» АҚ, «Air Astana» АҚ және «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ компанияларының IPO-сын өткізбек, бұл да Қазақстанның тиімді және бәсекеге қабілетті экономикасын қалыптастыруға мүмкіндік тудыратын болады.

Жаңа сын-тегеуріндер мен міндеттерге сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясы әзірленіп, бекітілді.

Стратегия аясындағы жаңа стратегиялық бастамалар компаниялардың рентабельдігін одан әрі арттыру, портфельдің құрылымын оңтайландыру, кірістерді әртараптандыру, жетекші тәуелсіз әл-ауқат қорларының деңгейінде корпоративтік басқарудың және тұрақты дамудың үздік практикаларын енгізу бойынша нақты шараларды қамтиды.

Стратегияны практикалық іске асыру Қордың одан әрі нығаю кепілі болып, экономиканың сапалы дамуына және қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуіне елеулі үлес қосуға мүмкіндік тудыратын болады.



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі –
«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

МАМИН АСКАР УЗАКПАЕВИЧ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

2018 жылы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басты міндеттерінің бірі орындалды – Қордың 2018-2028 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын Директорлар Кеңесі және Қазақстан Республикасы Президентінің жетекшілігімен Қорды басқару Кеңесі мақұлдады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 қазандағы № 656 Қаулысымен бекітілді.

Жаңа Даму стратегиясының аясында Қор өзінің алдына үш стратегиялық мақсат қойды – компаниялар тиімділігі, қоржынды басқару және тұрақты даму, және компаниялардың рентабельділігін арттыру, қоржын құрылымын оңтайландыру, кірістерді әртараптандыру және тұрақты даму сияқты даму саласындағы төрт негізгі бастаманы бастады.

Қазіргі сәтте Қор кірістерді әртараптандыру бағытында белсенді жұмыс атқаруда және өз күшін Қазақстанның аумағында да, оның аумағынан тыс жерде де инвестициялар мен активтердің ұтымды кірісі жоғары портфелін қалыптастыруға жұмсауда. 2018 жылдың ішінде инвестициялардың активтер топтары, экономика және география салалары бойынша негізгі критерийлері мен параметрлері анықталды. Инвестициялық мүмкіндіктер АТ және цифрландыру, ғылым, денсаулық сақтау, «жасыл» энергетика аясындағы жаңа салалардан бастап қазір жұмыс істеп жатқан логистика, құрылыс, өндіріс, машина жасау және ауыл шаруашылығы салаларына дейін түрленіп жатыр. Осы бастаманы жүзеге асыру үшін Қор жетекші егеменді қорлармен және инвестициялық компаниялармен серіктестік қатынастарды құруда.

2018 жылы Қордың барлық негізгі стратегиялық көрсеткіштері жоғарылап, аталған жылды оң қаржы нәтижелермен аяқтады. 2018 жылдың қорытындылары бойынша акционердің үлесіне шаққандағы шоғырландырылған таза пайда 2017 жылдың көрсеткішінен 534 млрд теңгеге артып, 1 141 млрд теңгені құрады.



«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы

ЕСІМОВ АХМЕТЖАН СМАҒҰЛҰЛЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

Қорда корпоративтік басқаруды жақсарту бойынша жоспарлы жұмыс атқарылуда. 2018 жылы алдағы IPO себебінен аса маңызды болып табылатын тиісті салалық сараптаманы білетін және халықаралық жария компанияларда жұмыс тәжірибесі бар үздік халықаралық сарапшыларды тарту арқылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ директорлар кеңестерінің құрамын жаңарту бойынша жұмыс орындалды.

2018 жылдың соңына қарай Қор тобындағы компаниялардың жалпы саны 317 жетті. Жекешелендіру бойынша Кешенді жоспарды іске асырудың нәтижесінде Қор тобынан 132 заңды тұлға шығып кетті (1.03.2019 – 136), ал иелену деңгейлерінің саны 6 дейін азайтылды. Жекешелендіруден түскен жиынтық түсім 174,3 млрд теңгені (31.03.2019 – 178,3 млрд теңгені) құрады.

2018 жылы Қордың барлық негізгі стратегиялық көрсеткіштері жоғарылап, аталған жылды оң қаржы нәтижелермен

2018 жылдың қараша айында Қор «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акцияларының 15% Лондон қор биржасында (13%) және Астананың АХҚО қор биржасында (2%) құны 168 млрд теңгені (немесе \$451 млн АҚШ долларын)

құрайтын бөлігін нәтижелі орналастырды. Олардың 161,7 млрд теңгесі Ұлттық Қорға жіберілді.

Қор шағын және орта бизнесті қолдау жұмысын үздіксіз жүргізіп отырады. 2018 жылдың қорытындылары бойынша Қор тобы бойынша нақты жергілікті қамту үлесі 75%, соның ішінде тауарлар бойынша – 68%, жұмыстар мен қызметтер бойынша – 80% құрады. 2018 жылы біз қосымша қолдау шараларын әзірледік: 1) Қазақстан Республикасының аумағында баламасы жоқ жаңа өндірістерді игеріп жатқан кәсіпорындар үшін ұзақ мерзімді тапсырыстың болатынына кепілдік беретін «офтэйк-шарттар» бірегей механизмі. Былтырғы жылдың қорытындылары бойынша 4 млрд теңге жалпы сомасына алғашқы офтэйк-шарттар жасалды; 2) Қор Тізіліміне енгізілген тауар өндірушілердің арасында ғана тауарларды теңдер тәсілімен міндетті сатып алу. Қазіргі уақытта Қор Тізілімінде 562 отандық тауар өндіруші бар. Біздің бағалауымыз бойынша Қазақстанда жалпы алғанда 2 мың кәсіпорын Қор компаниялары сатып алатын номенклатура бойынша тауар өндіреді; 3) 250 млн теңгеден асатын сомаға құрылыс-монтаждау жұмыстарының мердігерлеріне тауарларды Қор Тізіліміне енгізілген тауар өндірушілерден сатып алу туралы міндетті талаптың қойылуы. Мұндай жұмыстардың жыл сайын сатып алынатын көлемі 300-350 млрд теңгені құрайды. Жалпы, Қор

қазақстандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау бойынша жүйелі жұмысын жалғастыратын болады.

Кадрларды және адами капиталды дамыту аясында Қор өз жұмысын жүйелі түрде жалғастыруда. Бизнес стратегияның қайта қаралуын ескере отырып, Қор және Қоржындық компаниялар 2028 жылға дейін қызметкерлермен жұмыс істеу басымдылықтарын белгілеу арқылы кадрлық саясаттарды бекітті. Олар корпоративтік мәдениеттің дамуы, ашық іріктеу, меритократия қағидаларын сақтау, дарынды қызметкерлерді басқару және әлеуеті мен тиімділігі жоғары қызметкерлерді тартуға және ұстап қалуға жағдай жасайтын басқа да үдерістер болып табылады.

2018 ж. көшбасшылық бағдарлама іске қосылды, Қордың компаниялар тобында тиімділікті бағалау жүйесі, конкурстық іріктеп алу рәсімдері енгізілді, негізгі лауазымдар үшін мирасқорлар пулдары қалыптастырылды. «Жас өркен» жас мамандарды жеделдетілген дамыту бағдарламасы бойынша кезекті қабылдау іске асырылды. Екпінді технологиялық дамуды ескере отырып, АТ бойынша ЖОО түлектері үшін «Цифрлық жаз» тағылымдама жобасы іске асырылып, тағылымдамадан сәтті өткен мамандар Қордың компаниялар тобына жұмысқа тұрғызылды.

Үкіметпен тиімді өзара әрекеттесу арқылы ұзақ мерзімді құнды жоғарылату және Қор тобының компанияларын тұрақты дамыту Қор қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бірінші деңгей қорының 13 ҮК Үкіметпен өзара әрекеттесу бойынша функция құрылып, жұмыс істеуде (GR-функция).

Цифрландыру немесе цифрлық трансформациялау адами капиталдың дамуымен қатар бүгінгі таңда Қорда қолданылатын Трансформациялау бағдарламасының қисынды жалғасына айналады. Жаңа Стратегияда компаниялар тобының демеушілік және қайырымдылық қызметін жүзеге асырудың тәсілі қайта қаралды – енді әлеуметтік инвестициялар адами капиталдың дамуына жағдай жасайтын жобаларға (денсаулық сақтау білім беру, жастардың кәсіби білім алуы), зерттеулерге, ғылымға және инновацияларға бағытталмақ.

2018 жылдың қорытындыларын жасасақ, олар таңдап алынған бағыттың дұрыс екеніне көз жеткізіп отыр және 2019 жылға міндет қою кезінде біз қажетті құралдар жиынтығы, және ең бастысы – барлық алға қойылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін білімі, дағдылары және біліктілігі бар ниеттестер ұжымы қолымызда бола тұра дұрыс бағытта қозғалып келе жатырмыз деп сеніммен айта аламыз.

ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА

Қор мен Қор тобындағы ұйымдардың қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акті 2012 жылғы 1 ақпандағы «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады.

Қор сондай-ақ ҚР Азаматтық кодексі, «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) ҚР Кодексі, ҚР Бюджеттік кодексі, ҚР Еңбек кодексі, «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» және т.б. ҚР Заңдары секілді, жалпы заңнамалық актілердің нормаларын басшылыққа алады.


Оның үстіне, Қорға жекеменшік кәсіпкерлік субъектісі ретінде ҚР Кәсіпкерлік кодексінің күші қолданылады.

Қор тобына кіретін ұйымдар сондай-ақ барлық жоғарыда аталған заңнамалық актілерді басшылыққа алады. бұдан басқа, олардың қызметі салалық заңдармен («Көлік туралы», «Теміржол көлігі туралы», «Пошта туралы», «Байланыс туралы», «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар туралы» және т.б.) реттеледі.

«Ұлттық әл-ауқат қоры» ҚР Заңын іске асыру үшін:

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ 2018 – 2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы (Жалғыз акционердің шешімімен – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 қазандағы № 656 қаулысымен бекітілген);
- ▶ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Самұрық-Қазына» АҚ арасындағы өзара әрекеттестік туралы келісім (Жалғыз акционердің шешімімен – ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1599 қаулысымен мақұлданған);
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқару кодексі (Жалғыз акционердің шешімімен – ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілген);
- ▶ Мемлекеттік органдарға қажетті есептілікті, сондай-ақ есептілік тізбесін, нысандарын және мерзімділігін Ұлттық әл-ауқат қорының интернет-ресурсында орналастыру ережелері (Жалғыз акционердің шешімімен – ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1384 қаулысымен бекітілген);
- ▶ Ұлттық әл-ауқат қоры немесе Ұлттық әл-ауқат қоры тобына кіретін ұйым іске асыратын әлеуметтік маңызы бар және/(немесе) индустриалдық-инновациялық жобаларды рентабельділігі төмен жобаларға жатқызу ережелері (Жалғыз акционердің шешімімен – ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 9 қарашадағы № 1427 қаулысымен бекітілген) қабылданды.

СТРАТЕГИЯ



БІЗДІҢ БИЗНЕС МОДЕЛІМІЗ

- ▶ Біздің ҚК корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін әзірлеуді және қолдануды қамтамасыз етеміз.
- ▶ Біз ҚК директорлар кеңестерінің құрамдарын қалыптастырамыз.
- ▶ Біз ҚК директорлар кеңестеріндегі өкілдер және ҚБК жүйесі арқылы басқарамыз.

- ▶ Инвестициялық холдинг ретінде, Қор өзінің қоржынын Қазақстан Республикасындағы жаңа инвестицияларды сондай-ақ халықаралық инвестицияларды қолданыстағы қоржындық компанияларға инвестициялау арқылы дамытады.
- ▶ ҚР жаңа инвестициялар меншікті капитал құнынан жоғары салынған капитал бойынша табыс алу мақсатында жүргізіледі. Жобаларды таңдаудағы басымдылық экономиканың басым секторларын дамыту, Қазақстанға тікелей инвестициялар тарту, жұмыс орындарын құру және жеке бизнесті ынталандыру болмақ.
- ▶ Халықаралық инвестициялардың негізгі мақсаты болашақ ұрпақтар үшін әл-ауқатты сақтау және арттыру, сондай-ақ экономика, география және активтер сыныптары салалары бойынша қоржынды әртараптандыру болып табылады.

ТИМДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

- ▶ Қордың миссиясы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҚОРЖЫНДЫ БАСҚАРУ

БІЗДІҢ ПАЙЫМЫЗ

- ▶ Жоғары қаржылық көрсеткіштерді, инвестициялардан түсетін кірісті және дамытушы портфельін жетекші тәуелсіз әл-ауқат қорлар деңгейінде дамытуды қамтамасыз ететін инвестициялық холдинг.



БІЗДІҢ МАҚСАТТАРЫМЫЗ



2018 жылы 2018-2028 жылдарға арналған Қордың Жаңа Даму стратегиясы бекітілді.

Құжат операциялық және инвестициялық қызметі толығымен коммерциялық фокусқа бағытталған Temasek (Сингапур), Khazanah (Малайзия) және Mubadala (БАӘ) сияқты жетекші егеменді қорлардың тәжірибесі ескеріліп әзірленді.

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

P – Әріптестік

- ▶ Біз серіктесіп жұмыс істейміз және командаға сенім білдіреміз.
- ▶ Біз команда мүдделерін жеке мүдделерімізден жоғары қоямыз.
- ▶ Біз мүдделі тараптармен ұзақ мерзімді және сенімгерлік қарым-қатынастарды құрамыз.

R – Сыйластық

- ▶ Біз айналамыздағының барлығына ұқыпты қараймыз.
- ▶ Біз сенім мен құрмет қағидаларының негізінде әрекет етеміз.
- ▶ Біз заңдар мен дәстүрлерді сақтаймыз.

I – Тұтастық

- ▶ Біз өзімізге жүктелген міндеттемелерді орындаймыз.
- ▶ Біз өз айтқанымызды жасаймыз.
- ▶ Біз әрдайым әділміз және адалмыз.

M – Меритократия

- ▶ Біз лайықты кәсіпқойларды таңдаймыз.
- ▶ Біз рөліне қарамастан кез келген тұлғаға пікірін айту мүмкіндігін береміз.
- ▶ Біз нәтижеге жеткені үшін көтермелейміз.

E – Кемелдік

- ▶ Біз озық тәжірибе мен технологияларды пайдаланып, ұтымды және сапаның жоғарғы деңгейі бойынша жұмыс істейміз.
- ▶ Біз қосылған құнды құру үшін әрекет ете отырып, жауапкершілі көтеріміз.
- ▶ Біз бәріне әуеспіз, үнемі оқимыз және Қорды дамытамыз.



МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Макроэкономикалық жағдай

Қазақстан өңірлік ЖІӨ құрамындағы үлесі 60% құрайтын Орталық Азиядағы ең ірі экономика болып табылады. Мемлекет дамудың бірнеше кезеңінен өтіп, 1990-шы жылдардан бастап айтарлықтай экономикалық өрлеуге жетті.

ҚР жан басына шаққандағы ЖІӨ 2018 жылы 9 462 АҚШД құрады. Бұл Өзбекстан мен Қырғызстаннан шамамен 7 есе көп болса, Тәжікстаннан 11 есе артық.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ШОЛУ

миноритарлық инвесторлардың
құқықтарын қорғау бойынша

1
ОРЫН

Қазақстан занимает первое место в мире по защите прав миноритарных инвесторов в рейтинге легкости ведения бизнеса.

2018 жылы ЖІӨ өсімі

4,1%

ҚР экономикалық өсімі 2018 жылы 4,1% құрады. Орта есеппен ЖІӨ өсімі келесі бес жылдың ішінде жылына 4,1% құрайды деп күтілуде.

млрд АҚШД тікелей
инвестициялар

289,6
МЛРД
АҚШД

Қазақстан 2005 ж. бастап 2018 ж. дейінгі кезеңнің ішінде 289,6 млрд АҚШД тікелей шетелдік инвестицияларын тартты.

Бизнесті жүргізу
жеңілдігі 2019

28
ОРЫН

Қазақстан 2019 жылы бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша бүкіл әлемде 28 орынға ие болды.

**Инвестициялық
деңгейдегі
егеменді рейтингтер**

Бүгінгі таңда Қазақстанның рейтингісі Fitch нұсқасы бойынша (BBB, тұрақты), Moody's нұсқасы бойынша (Вaa3, тұрақты) және S&P нұсқасы бойынша (BBB-, тұрақты).

ҚР экономикасы жаһандық нарықтардың «жаңа жағдайларына» бара-бара бейімделе отырып, тұрақты болып қалып отыр.

Мемлекеттің ЖІӨ өсімі 2018 жылы негізінен төмендегілердің арқасында 4,1% құрады:

1. Қашағанда өнім шығаруды арттыру,
2. Артып келе жатқан дүниежүзілік сұраныс мен қорлардың азаюы жағдайында тауар нарықтарын қайта үлестіру,
3. Экономикаға мультипликативтік әсер тигізетін инфрақұрылымның дамуының жалғасуы, және
4. Сауда және инвестициялық ағындардың көбеюіне себеп болған Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің экономикасының өсуі.

ҚР Үкіметі 2018 жылы көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамытудан және энергетикалық

инфрақұрылымды нығайтудан құралатын «Нұрлы Жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасын іске асыруға 800 млрд теңгеден астам қаржы бөліп, фискалды ынталандыруды жалғастырды.

Мұнай бағасының жоғары болуы және мұнай шығару көлемдерінің артуы экономикалық өсуге қолдау көрсетуді қамтамасыз етті. Қашағанда 13,2 млн тонна мұнай шығарылады. Бұл 2018 жылдың ішіндегі мемлекетіміздің жалпы мұнай шығару көлемінің 14,6% құрайды. Жалпы инфляция мен инфляциялық болжамдардың төмендеуінің жалғасуы, сондай-ақ ақша-несие саясатының бара-бара жұмсаруы (базалық мөлшерлеменің 10,25%-дан 9,25% дейін төмендеуі) да экономикалық өсудің үдеуіне жағдай жасады. Дегенмен де, мұнай бағасының жоғары болуы сыртқы оқиғалар жағдайында USDKZT бағамына шектеуші әсер тигізді (Ресейге қатысты АҚШ санкциялары, АҚШ пен Қытайдың арасындағы сауда шиеленісі).

2019 жылға және одан кейінгі жылдарға перспективалар

ЖІӨ өсімінің 2019-2023 жылдарға болжамы орта есеппен 4,1% құрап отыр. Қазақстан экономикасының дәстүрлі секторлары өсу әлеуетіне жеткен сайын көлік, логистика, құрылыс және өңдеу өнеркәсібі сияқты баламалы секторлар негізгі драйверлерге айналады.

Ақша-несие саясаты туралы айтар болсақ, ҚР Ұлттық Банкі төртінші тоқсанның басында мөлшерлемені 25 б.п. 9,25% көтере отырып, 2018 жылдың бірінші жартысында базалық мөлшерлемені 125 б.п.-ға 9,0% дейін төмендетті. Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі 2019 жылға мақсатты инфляцияға (4–6%) жетуге себеп болады, сондай-ақ экономикалық өсуді сақтайды. Инфляциялық болжалдар бара-бара әлсірейді, ал жылдық инфляциялық болжалдар рекордты төмен деңгейде тұр. Осыған қарамастан, сыртқы факторлармен байланысты инфляциялық тәуекелдер, көбінесе, негізгі сауда серіктестеріндегі әлеуетті инфляцияға қатысты әлі де сақталуда.

2019 жылдың бірінші тоқсанында USDKZT орташа бағамы 2,3% жетіп, 378/АҚШД құрады да, ақпан айында 382,68/АҚШД ең жоғары мәніне жетті. 29 наурыздағы жағдай бойынша USDKZT 379,66/АҚШД бойынша сатылды. 2019 жылы USDKZT орташа бағамы 370/АҚШД деңгейінде болады деп күтілуде, 2018 жылы USDKZT орташа бағамы 345/АҚШД құрады.

Сыртқы сауда серпіні 2018 жылы сауда жағдайлары қолайлы болуының арқасында жақсарды. 2018 жылы экспорт пен импорттың жалпы көлемі сәйкесінше 61,0 млрд АҚШД және 32,5 млрд АҚШД құрады, бұл ретте сауда профициті 28,5 млрд АҚШД дейін көтерілді. Таяудағы бес жылдың ішінде Қазақстанның жалпы тауар айналымы 2023 жылы 98 млрд АҚШД асып, бара-бара жоғарылайды деп күтілуде.

НЕГІЗГІ ӨСУ ФАКТОРЛАРЫ

Brent маркасындағы мұнайдың бағасы

1

Brent маркалы мұнайдың бір баррелінің орташа бағасы 2018 жылы 71 АҚШД (2017 жылы: бір барреліне 55 АҚШД) құрады.

Мұнай шығару көлемі

2

Қазақстанда мұнай шығару көлемі 2018 жылы 4,8%-ға 90,4 млн тоннаға дейін өсті; Қашағанда мұнай шығару көлемі 13,2 млн тоннаны құрады.

Фискалдық ынталандыру

3

> 2018 жылы «Нұрлы Жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасын қаржыландыруға және іске асыруға 800 млрд теңге бөлінді.

Ақша-несие саясаты

4

Базалық мөлшерлеме 2018 жылдың соңына қарай 9,25% (2017 жылдың соңына қарай: 10,25%) құрады. ҚР Ұлттық Банкі экономикалық өсуді ынталандыру үшін пайыздық мөлшерлемені төмендетті.

Қазақстанның 2018–2019 жж. ішіндегі макроэкономикалық серпіні.

ВАЛЮТАЛЫҚ БАҒАМ

Қалқыма айырбастау бағамы Қазақстан өсімінің серпінін сақтайды. 2019 жылы **USDKZT** бағамы **370** деңгейінде болады деп күтілуде.

МҰНАЙ ШЫҒАРУ




Мұнай шығару көлемдері Қашан кен орынындағы өндіру көлемдеріне байланысты болады. 2019 жылы үш негізгі кен орындарындағы жоспарлы техникалық қызмет көрсетудің себебінен жалпы өндіру көлемі 1,5% г / г азаяды.

КӨЛІК ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА


«Нұрлы Жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасы және «Бір белдеу & Бір жол» бастамасы шегіндегі өңірлік көлік инфрақұрылымының және дамуы Қазақстанда сыртқы сауда мен транзит көлемдерінің өсуіне жағдай жасайды деп күтілуде.

ЖІӨ ӨСУІ



Өсу факторлары: мұнай бағасының және мұнай шығару көлемдерінің тұрақты болуы, шикізаттық емес салалар үлесінің көбеюі өсуге қосымша ынталандыруды қамтамасыз етеді.

ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ МОНЕТАРЛЫҚ САЯСАТ



Ақша-несие саясаты 2019 жылғы өсімді сақтайды деп күтілуде. Инфляция және инфляциялық болжалдар төменгі деңгейде қалады.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

- 1 **17** бастама, **120** іс-шара, **12** мақсатты көрсеткіш
- 2 Болжалды ЖІӨ өсіміне қосқан үлес **1,6%-2,2%**
- 3 2025 жылға қарай экономикаға қосылған құн **1,7-2,2** трлн теңгені құрайды
- 4 2025 жылға қарай жалпы инвестициялар көлемінен инвестициялардың қайтарымдылығы **4,8-6,4** есе

СЫРТҚЫ САУДА



Сауда теңгерімі 2019 жылға қарай 21,5 млрд АҚШД деңгейінде болады деп күтілуде.

Brent маркалы мұнай бағасы 2019 жылдың бірінші тоқсанында Иран мен Венесуэлаға қатысты АҚШ санкцияларының себебінен ОПЕК+ тарапынан мұнай шығару көлемі күрт азайғандықтан 25%-ға қымбаттады. Сәуір айының басында АҚШ пен Қытай сауда мәмілесін жасасуға таяп қалғаны туралы жаңалық жария болғаннан кейін мұнай өз бағасын жоғарылатуды жалғастырды, бұл ретте сауда дауының шешілуі мұнайға дүниежүзілік сұраныстың тұрақсыз перспективаларын жақсартады. Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2019 жылы 69 АҚШД деңгейінде болады деп күтілуде.

Сонымен қатар, былтырғы жылдың минимумына жеткеннен кейін уран бағасы 43% өсті. Бұл артық ұсыныстың азаюына байланысты (негізгі өндірушілердің өндіру

көлемін азайтуының себебінен) бір фунт бағасының 20,25 АҚШД, яғни былтырғы жылдың минимумына жеткеннен кейін орын алды. Биылғы жылы соңғы 10 жылдың ішінде алғашқы рет ұсыныс тапшылығы пайда болуы мүмкін деп күтілуде. Бұл іргелі факторлардың уран нарығы үшін жақсаратын өзгерісті сәттің басталғанын көрсетіп отыр. Уран бағасы жеті ай бойы өсуін жалғастырды және 14 қараша күні екі жылдық максимумына, бір фунт бағасының 29,15 АҚШД жетті.

2018 жылдың бірінші жартысында жаһандық экономикалық өсу 2017 жылдың екінші жарысында қарқындылығын айтарлықтай азайтты және өңірлер мен мемлекеттер бойынша синхрондалуы төмендеді. Ішкі сұраныс қолдау көрсететін дамып келе жатқан

нарықтар (Қытай) 2017 жылғыдай қарқынмен кеңейіп жалғастырып жатқанда экономикасы дамыған кейбір ірі мемлекеттердегі (Еуропа, Жапония) экономикалық белсенділік баяулап қалды. Айтарлықтай бюджеттік ынталандырудың арқасында жеке меншік сектордың белсенділігі бұрынғыдан да жоғарылап бара жатқанда АҚШ экономикасы әсіресе 2018 жылдың екінші тоқсанында тұрақты өсуін жалғастырды. Алайда, жаһандық өсудің тәуекелдері жоғары геосаяси белгісіздік жағдайында көбейіп кетті. Сауда кедергілерінің көбеюі және дамып келе жатқан нарықтардан капиталдың жылыстауы сияқты кейбір тәуекелдер айқындалды немесе ішінара заттандырылды. Осының барлығы ақшанесие саясатының қатайтылуы және жаһандық экономикалық өсудің баяулауы


жағдайында орын алып жатты. Осы себеппен Халықаралық валюта қоры ЖІӨ өсуінің өз болжамдарын 2019 жылға 3,3% дейін азаю жағына қарай өзгертті, ал Дүниежүзілік банк 2,9% мөлшеріндегі кертартпа өсу болжамдарын сақтауда.

Өңірлер деңгейінде РФ экономикасы 2018 жылы 2,3% өскеннен кейін 2019 жылы 1,2%-1,7%-ға, 2019 жылы 6,0%-6,5% (2018 жылы: 6,6%) дейін өседі деп күтілуде. Еуроаймақта ЖІӨ өсуі монетарлық саясат қалпына келген кезде 2019 жылы 1,7% (2018 жылы – 1,9% дейін) дейін азаяды деп күтілуде. Негізгі сауда серіктестерінің макроэкономикалық серпіні Қазақстанға сауда, инвестициялар және транзит көлемдері арқылы әсер етеді.

Brent маркалы мұнай бағалары, АҚШД (2017–2019 жж.)



Қазақстанның тауар айналымы (2018 ж.)



Шикізат тауарларының бағалары

1

Мұнай мен уран бағаларының құбылмалылығы ҚР экономикасына және негізгі ұлттық компаниялар қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін.

Негізгі сауда серіктестерінің экономикалық көрсеткіштері

2

Негізгі сауда серіктестері, Қытай мен Ресей, Қазақстанға сауда, жүк тасымалдау, жолаушылар айналымы және тауар бағалары арқылы әсер етеді.

Негізгі сауда серіктесінің валюта бағамы

3

Ресей валютасының көрсеткіштері Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі мен айырбастау бағамының саясатына әсер етуі мүмкін.

Геосаяси жағдай

4


АҚШ монетарлық саясаты, АҚШ пен сауда серіктестерінің арасындағы сауда даулары мен санкциялары инвестициялар мен экономикалық белсенділікті әлсіретуі мүмкін.

2019 ЖЫЛЫ ӨСУГЕ ӘЛЕУЕТТІ ӘСЕР ТИГІЗУІ МҮМКІН СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАР

USDKZT серпіні




Инфляция серпіні, %



Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігі, ҚР Статистика комитеті, ҚР Ұлттық банкі, Bloomberg, «Самұрық-Қазына»


2019 ЖЫЛЫ ӨСУГЕ ӘЛЕУЕТТІ ӘСЕР ТИГІЗУІ МҮМКІН СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАР

Бrent маркалы мұнай бағасымен салыстырғандағы ЖІӨ өсуі



■ ЖІӨ, % ■ Мұнай бағасы ДАҚШ/баррель (оң меж.)

Халықаралық резервтер, млрд АҚШД




■ Ұлттық Қор активтері ■ Жалпы резервтер


Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігі, ҚР Статистика комитеті, ҚР Ұлттық банкі, Bloomberg, «Самұрық-Қазына»

2019 ЖЫЛЫ ӨСУГЕ ӘЛЕУЕТТІ ӘСЕР ТИГІЗУІ МҮМКІН СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАР

Сыртқы сауда, млрд АҚШД



ТШИ, млрд АҚШД



■ Экспорт ■ Импорт ■ Сауда теңгерімі (оң меж.)


Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігі, ҚР Статистика комитеті, ҚР Ұлттық банкі, Bloomberg, «Самұрық-Қазына»

CТPATEГИЯЛЫҚ ҚБК OРЫНДАУ


2017

2018


Акционер үлесіне шоғырландырылған таза пайда, млрд тг.




Қарыз/EBITDA




NAV, жыл сайынғы өсім (%)



Корпоративтік басқару рейтингісі




ROACE, %




№1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАНЫ ТАЛДАУ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ РЕНТАБЕЛЬДІЛІГІН АРТТЫРУ

1 Операциялық тиімділікті арттыру

Мұнай және газ конденсатын өндіру, млн тонна



Уранды өндіру және өткізу Қатысу үлестері бойынша Топтар, мың тонна




Мұнайды магистралды құбыр жолдарымен тасымалдау*, млн тонна



ЭЭ өндіру, млрд. кВт/сағ



Т/ж көлігімен жүк айналымы, с.і. Транзит млрд. тонна-шақ.



Әуе көлігімен жолаушылар айналымы, млн адам




2 2018 жылы қолданысқа енгізілген инвестициялық жобалар




№2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАНЫ ТАЛДАУ ПОРТФЕЛЬ ҚҰРЫЛЫМЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Қор тобының компаниялар санын азайту*



* Акциялары (қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде Қорға тиесілі Заңды тұлғаларды жіктеу әдістемесіне сәйкес

31.12.18 ж. жағдай бойынша 2016-2020 жылдарға
Кешенді жекешелендіру жоспарын іске асыру мәртебесі*



2 Жекешелендіру бағдарламасын іске асыру

Кешенді жекешелендіру жоспарына сәйкес компаниялар тобының **барлығы 190 активі** есептен шығаруға жатады

* ҚР №1141 ҮҚ енгізілген өзг.сәйкес Қор активтерінің саны – 190 активті құрады.

IPO/SPO/Стратегиялық серіктеске өткізу:


2018 жылғы қараша айында Қор құны **168 млрд теңгені** құрайтын **КАП акцияларының 15%** АХҚО биржасында және Лондон қор биржасында орналастырды.

Басқа тәсілдермен есептен шығарылғаны:

2016-2018 жылдардың ішінде Кешенді жекешелендіру жоспарын орындау мақсатында:
Өткізілді – **85 актив**; Жойылды – **38 актив**; Қайта құрылды – **9 актив**

№3 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАНЫ ТАЛДАУ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА СЕКТОРЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Өсуші компанияларға инвестициялар, млрд. тенге



Есепті кезең үшін инвестиция көлемі келесі жобаларға бағытталды:


- ▶ **7,4 млрд теңге** – «ХИМ-плюс» ЖШС (құрылыстық-монтаждау жұмыстары және «Каустикалық сода және хлор өндірісі», «Үшхлорлы фосфат өндірісі» және «Глифосат (гербицид) өндірісі» жобалары бойынша ЖӘШ)
- ▶ **3,8 млрд теңге** – полиэтилен жобасы бойынша ТЭН және ЖӘШ әзірлеу
- ▶ **2,1 млрд теңге** – «Karabatan Utility Solutions» ЖШС («Газ турбина стансасының құрылысы» жобасы бойынша ЖӘШ)
- ▶ **1,6 млрд теңге** – «KLPE» ЖШС («Атырау облысында алғашқы интеграцияланған газ химиялық кешен салу – екінші фаза (полиэтилен)» жобасы бойынша ТЭН және ЖӘШ әзірлеу)
- ▶ **1,25 млрд теңге** – БХК ағымдағы шығындар (ЖӘШ)
- ▶ **0,35 млрд теңге** – «ҰИМТ» АЭА» БК АҚ («Химпарк АЭА» жобасы бойынша ЖӘШ)

№4 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАСЫН ТАЛДАУ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

1

Корпоративтік басқару

ҚК ДК құрамындағы тәуелсіз директорлардың %



«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесінің сандық құрамының кемінде 30% және бестен екі бөлігін құрау керек.

Сәйкесінше, жоғарыда көрсетілген ҚР Заңы мен Кодекс талаптары сақталуда.

Директорлар кеңесінің құрамдарындағы өзгерістер

ҚОР

Қордың ДК құрамына жаңа тәуелсіз директорлар кіргізілді - Проф. Д-р Вильгельм Бендер, Альпер Ақдениз, онымен қоса Қордың ДК құрамынан қаржы министрі шығарылды.

ҚОРЖЫНДЫҚ КОМПАНИЯЛАР

- ▶ КМГ ДК құрамына жаңа тәуелсіз директор Филип Дайер кіргізілді;
- ▶ КАП ДК жаңа құрамы бекітілді, Тәуелсіз директор Джон Дудас ДК Төрағасы болып сайланды, сондай-ақ оның құрамына жаңа тәуелсіз директор Рассел Бенхам кіргізілді;
- ▶ Тәуелсіз директор Кристиан Кун ҚТЖ ДК Төрағасы болып сайланды; жаңа тәуелсіз директорлар Құдабаев Е. және Лютц Фрейтаг 28 қаңтар 2019 жылы ДК құрамына енгізілді;
- ▶ ТКС ДК құрамына жаңа тәуелсіз директорлар кіргізілді: Каландадзе Д. және Нарбаева А.Ж.

ҚК корпоративтік басқару рейтингісі



2018 ж. PWC кеңесшілері 12 ҚК-да (2017 ж. 6 ҚК-да) корпоративтік басқаруға диагностика жүргізілді. Оның нәтижелері бойынша КБ-ды орташа мерзімдік кезеңге жетілдіру жоспарларын дайындалды. Келесі диагностика 2020 ж. жүргізіледі.

Акционер ретінде Қорға корпоративтік басқару рейтингісі корпоративтік басқару мәселелерінде қай Қоржындық компаниялардың және қаншалықты іргелі басқанын бағалауға болады. Басқа стейкхолдерлер үшін бұл ақпарат басқарудың барлық деңгейлерінде компаниямен өзара әрекеттесу перспективаларын бағалауға мүмкіндік береді



Қор жетілу деңгейінің «Орташа» бағасын алды



12 компанияның ішінде тек қана Эйр Астана жетілу деңгейінің «Жоғары» бағасын алды;

Топ және Қор бойынша қызметкерлердің қатыстырылу дәрежесі

Қордың компаниялар тобында жыл сайын қызметкерлердің қатыстырылуы өлшенеді. Қатыстырылуды зерттеу басшыларға қызметкерлерден ғылыми-негізделген әдіснама бойынша құрылымдалған кері байланысты алуға және соның негізінде әлеуметтік-еңбек қатынастары бойынша салмақталған шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.

2013-2018 жылдардың ішінде ҚК-да қызметкерлерді дамытуға және олардың қатыстырылуын арттыруға бағытталған өзгерістер енгізілді: меритократия қағидаларын енгізу, лауазымдарды грейдерлеу, еңбекақы төлеу деңгейін арттыру, әртүрлі ынталандыру бағдарламалары, әлеуметтік пакетті қайта қарау, корпоративтік мәдениетті дамыту және т.б.

Қор Тобы бойынша қызметкерлердің саны және Топ пен Қор бойынша қызметкерлердің тұрақталмауы

	Нақты саны, ад.	Қызметкерлердің тұрақталмауы, %
Қор тобы	297 845	10
Қор	167	27

2 Адами капиталды дамыту


2018 жылғы қатыстырылуды зерттеу қорытындылары Қор тобының өндірістік қызметкерлерінің «қызметкерлерге деген қамқорлық» стандарттарының, атап айтқанда, жұмыс орындарын жабдықтау, арнайы киіммен, тамақпен қамтамасыз ету, қызметкерлердің құндылығы және оларды құптау мәселелерінде жоғары екенін көрсетіп отыр. Олар сонымен жұмыс үдерістері мен коммуникациялардың қалыптасқанын ерекше көрсетті. Өз қызметкерлерінің алдында Қор компанияларының тиімді бренді құрылды.

3 жылдың ішіндегі Қор және Қор тобы бойынша қызметкерлердің қатыстырылуы

	Қызметкерлердің санаты	2016	2017	2018
Қор	-	49%	59%	53%
Қор тобы	Өндірістік қызметкерлер	51%	66%	58%
	Әкімшілік-басқарушылық қызметкерлер	58%	55%	53%

60% жоғары Позитивтік аймақ **20 – 49%** Тәуекел аймағы
50 – 59 % Тұрақтылық аймағы **20% төмен** Жағымсыз аймақ

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАТЫСТЫРЫЛУ ФАКТОРЛАРЫ, ОҢ ЖАУАПТАР %




Әкімшілік қызметкерлердің қатыстырылуын зерттеу нәтижелері қызметкерлердің арасында Қордың Қоржындық компанияларының ойдағыдай брендінің қалыптасқанын көрсетті:

- 86%** Қордың кеңселік қызметкерлерінің 86% компанияның даму стратегиясын түсінеді,
- 82%** 82%-ы жеке құндылықтардың компания құндылықтарына сәйкестігін көрсетті,
- 87%** 87%-ы өз жұмысы үшін мақтаныш сезіміне бөленеді.

Әкімшілік қызметкерлер үшін қарастырылған факторларды ішінде қызметкерлерді қолдау және қызметкерлердің арасында қарым-қатынастарды құру үдерістері жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

Қатыстырылуды өлшеу нәтижелері бойынша үдерістерді жақсарту, ішкі коммуникациялар мен кері байланысты дамыту бойынша нақты шешімдер қабылданады.



ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАТЫСТЫРЫЛУ ФАКТОРЛАРЫ, ОҢ ЖАУАПТАР %

Әлеуметтік тұрақтылық индексі

Қордың компаниялар тобында өндірістік ұжымдарды әлеуметтік жағдайға жағдай сайын мониторинг жүргізіледі. Осы мақсатта «Әлеуметтік тұрақтылық индексі» (бұдан әрі – ӘТИ) зерттеледі. 2018 ж.


ӘТИ қорытындылары бойынша Қордың компаниялар тобы бойынша жиынтық көрсеткіш 69% құрады. Бұл «орташадан жоғары» деңгейіне сәйкес келеді. Қордың Қоржындық компаниялары қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйлеріне көп көңіл бөлуде. Өндірістік қызметкерлердің әлеуметтік жағдайы мен көңіл-күйлері олардың туындайтын проблемаларды шешудегі позитивті ойын және конструктивті амалын көрсетеді.

ӘТИ көрсеткіштерінің 5 пайызға дейінгі диапазонда құбылуы қалыпты жағдай екенін айта кету керек. Мұндай құбылуға еңбек ұжымдарының хал-жайына тікелей әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар әсер етуі мүмкін.


ӘТИ қорытындылары бойынша Қоржындық компаниялар түзету іс-қимылдарын жүргізді. Іске асырылған іс-шараларға жасалған талдау жұмыс жағдайларын жақсартуға айтарлықтай күш салынғанын көрсетіп отыр. Компаниялардың өздерінің даму деңгейін ескерсек, тұрмыстық жағдайларды жақсартудан бастап ұжымдарда корпоративтік мәдениетті таратуға дейін әртүрлі іс-шаралар қабылдануда.

ӘТИ негізгі параметрлерінің бірі әлеуметтік тыныштық индексі болып табылады. Нәтижелер жалпы Қордың компаниялар тобы бойынша әлеуметтік тыныштықтың жақсарғанын көрсетіп отыр. Компания басшыларының қолдауымен компаниялар тобындағы әлеуметтік ахуал жақсартылды. ӘТИ-2017 нәтижелері бойынша 29 қауіпті аймақ анықталды, олардың ішінде 25-і 2018 жылдың ішінде оң шешімін тапты. Осы бағыттағы жұмыс әлі де жалғасуда.

2013-2018 жж. ішіндегі әлеуметтік тыныштық индексі



Әлеуметтік тұрақтылық индексінің серпіні



3 Қайырымдылық қызметі

Samruk-Kazyna Trust 2018 жылы **5,6 млрд. теңге сомасына 32 жобаны** іске асырды, қайырымдылық жобалардың тікелей бенефициарларының жалпы саны – **250 мың адамнан асты**.



Денсаулық сақтау

- ▶ БЦС ауруына шалдыққан 1627 бала ақысыз оңалтудан өткізілді;
- ▶ Қазақстанда жазылмайтын ауруға шалдыққан 209 бала шетел емханаларына емдеуге жіберілді;
- ▶ аутизмге шалдыққан 45 бала ем алып жатыр;
- ▶ «Медициналық пойыздар» - қашықтағы стансалардың 41 мыңнан астам тұрғынына мед. қызмет көрсетілді;
- ▶ бүгінгі таңда 199 бала тұрып жатқан SOS-балалар ауылдарына қолдау көрсетілді.



Білім беру және мәдени-көпшілік іс-шаралар

- ▶ 27 дарынды бала жол жүру гранттарын, 7 жүлделі орынды иеленді;
- ▶ Республикалық оқушылар конкурсының 38 жеңімпазы Ұлыбританияға барып келді;
- ▶ 6000 бала «Sport FEST Kazakhstan» республикалық мектеп спартакиадасының жарыстарына қатысты,
- ▶ 180 коммерциялық емес ұйым «ӘРЕКЕТ» жобасының шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлік негіздері бойынша оқытылды;
- ▶ мемлекеттік тілді дамыту үшін SoyleTube арнасы іске қосылды.



Қайырымдылық көмек және имидждік жобалар

- ▶ 1200 ҰОС ардагерлері мен еңбеккерлеріне азық-түліктер мен дәрі-дәрмектер, үй жинау, ұсақ-түйек жөндеу, дәрігерге алып бару түріндегі және т.б. атаулы және әлеуметтік-тұрмыстық көмектері көрсетілді;
- ▶ мұнай-газ саласының 110 ардагері ай сайын 10 000 теңге мөлшерінде атаулы көмек алады;
- ▶ төмендегі форумдар өткізілді:
 - ▶ V Еуразиялық медиа форум,
 - ▶ Қазақстан Машина жасаушылар форумы;
 - ▶ Лондондағы Kazakhstan Global Investment Forum,
 - ▶ Нью-Йорктағы инвестициялық конференция,
 - ▶ «Astana Finance Days» халықаралық қаржы конференциясы.

Тұрақты даму бойынша есеп

2018 ж. Қордың Директорлар Кеңесі GRI стандарты бойынша 2017 ж. ішіндегі Тұрақты даму саласындағы есепті бекітті.



4 Тұрақты даму

Сатып алуларды басқару

Сатып алулар саласындағы 2018 ж. қорытындылары бойынша Қор төмендегілерді жүзеге асырды:

- ▶ Бір көзден тиімділігі төмен және айқын сатып алуларды азайту және экономикалық мақсатқа сәйкес ашығырақ теңдерге және баға ұсыныстарын сұратуға көшу – 2018 ж. **121 млрд теңге** үнемделді;
- ▶ Холдинг ішілік сатып алуларды сатып алынатын позицияларды **4,5 мыңнан бастап 409 позицияға** дейін азайту арқылы оңтайландыру – 2018 ж. **22 млрд теңге** үнемделді, **209 млрд теңге** сомасына сатып алулар бәсекелі ортаға табыс етілді. 8 мың шағын және орта бизнес субъектісі келісімшарттарға ие болды;
- ▶ Импортты алмастыру бағдарламасы жұмыстар мен қызметтер бойынша жергілікті қамту үлесін **1%-ға** (2017 ж. 79% бастап 2018 ж. 80% дейін) көбейту;
- ▶ Қор тобында сатып алулардың жаңа тәсілдерін енгізу, **сатып алулардың категориялық басқару** механизмін белсенді дамыту – 2018 жылдың қорытындылары бойынша нақты расталған пайдалар 11,7 млрд теңгені құрады;
- ▶ Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары – 2018 ж. ДСҰ және ЕАЭО нормаларына қайшы келмейтін **түбегейлі жаңа қолдау шаралары** енгізілді.

БИЗНЕС ЖӨНӨ ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ



ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ


2018 жылы Қор Тобының негізгі қаржылық көрсеткіштері 2017 жылмен салыстырғанда жоғарылады.

2018 жылдың нәтижелері бойынша шоғырландырылған түсі сомасы 2017 жылғы көрсеткіштен 2,7 трлн теңгеге немесе 37% артып, 10,1 трлн теңгені құрады. Түсімнің өсуінің 92%-ын шикі мұнайдың, мұнай өнімдерінің және газды қайта өңдеу өнімдерінің қосымша көлемін өткізу қамтамасыз етті.

Қор тобының шоғырландырылған активтері 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 25,6 трлн теңгені құрады. Бұл 2017 жылғы тура сол күнгі жағдаймен салыстырғанда 1,3 трлн теңгеге немесе 5% артық. 2018 жылдың қорытындылары бойынша EBITDA және EBITDA margin сәйкесінше 1 880 млрд теңгені және 18,5% құрады, ал 2016 жылдың қорытындылары бойынша сол сияқты көрсеткіштер 1 273 млрд теңгені және 17,1% құраған болатын.

2018 жылдың қорытындылары бойынша Қор мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін салықтар түрінде 1 091 млрд теңгеге көбейтті (2017 жылы 787,6 млрд теңге). Жалпы және әкімшілік шығыстар 488,6 млрд теңгені құрады (2017 жылы 413 млрд теңге).

Шоғырландырылған түсім, млрд теңге



Операциялық EBITDA, млрд теңге




Таза пайда, млрд теңге




* Қайта есептелді, 2016 және 2017 жылдар ішіндегі операциялық шоғырландырылған көрсеткіштерді есептеу кезінде KMG International N.V. Көрсеткіштері жалғасын жатқан қызметтің шегінде ескерілді

Сегменттер бойынша түсім



* Шикі мұнай сапасының банкі және жанама салықтар мен коммерциялық жеңілдіктер ескерілген жоқ



Шоғырландырылған түсім, млрд теңге

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР


2018 жылы Қор Тобының негізгі қаржылық көрсеткіштері 2017 жылмен салыстырғанда өсті. Жоғары нәтижелерге қарамастан негізгі энергия тасымалдаушылар бағаларының құбылмалы болуына және соның салдарынан валюталар бағамдарының өзгеруіне, сондай-ақ 2018 жылы орын алған бір жолғы кіріс мәмілелерінің болуына байланысты Қор 2019 жылға салыстырмалы түрде ұстамды болжамдарды белгіледі.

СЕКМЕНТЕР

2017

2018


Активтер, млрд теңге



Пайда, млрд теңге




Міндеттемелер, млрд теңге




Рентабельділік коэффициенттері

ROE (Меншікті капиталдың рентабельділігі), %




ROA (активтердің рентабельділігі), %



КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ



■ Топтың борышы, млрд теңге*
■ ЕБИТДА (толық), млрд теңге



* Қайта есептелді, 2016-2017 жылдар ішіндегі операциялық ЕБИТДА есептеу кезінде KMG International N.V. Көрсеткіштері жалғасып жатқан қызметтің шегінде ескерілді

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау жүйесі стратегиялық және операциялық мақсаттарға, айқын есептілікті дайындау және қолданылатын заңнама мен Қордың және оның Қоржындық компанияларының (бұдан әрі - ПК) ішкі талаптарын сақтау саласындағы мақсаттарға жетуге қисынды сенімділікті қамтамасыз етуге арналған.

Тәуекелдерді және ішкі бақылаудың басқарудың корпоративтік жүйесінің міндеттері:


- ▶ тәуекел-мәдениетті арттыру және тәуекел-менеджмент пен ішкі бақылаудың Қор қызметінің барлық аспектілерін интеграциялау;
- ▶ Қордың мақсаттарға қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу, жағымсыз «тосынсыйларға» орай тиімді әрекет ету және осындай жағдайлардың салдарын, егер олар басталса, қабылдауға болатын деңгейге дейін төмендету қабілетін арттырудың есебінен қызмет нәтижелерінің құбылмалылығын азайту;
- ▶ Қордың активтерінің құны мен табыстылығын ұзақ мерзімді перспективада арттыру үшін мүмкіндіктерді пайдалануды қамтамасыз ету.

Қордың корпоративтік тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі жинақталған тәжірибеге негізделген және ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді, ұйымның тәуекел-мәдениетінің жоғары дамыған кезеңін ескереді.

Жыл сайын Қордың тәуекел-тәбетін, шоғырландырылған тізілімі мен тәуекелдер картасын бекітіледі; тоқсан сайын тәуекелдер карталары және оларды басқару жоспарлары жаңартыла отырып, ПК мен Қордың Директорлар кеңесінің/Қадағалау кеңестерінің қарауына шығарылады.

Қор компанияларының тәуекелдерін қайта сақтандыру үшін қорғау ретіндегі сенімділігін қамтамасыз ететін Қордың активін әкімшілендіру үшін тәуекелдерді қайта сақтандырудың корпоративтік жүйесі іске асырылады.

Қордың тиімді ішкі бақылау жүйесін құру және ішкі нормативтік құжаттарын жүйелендіру бойынша жұмыс жалғастырылды. Ішкі нормативтік құжаттар бойынша электрондық кітапхана-жолнұсқа, қызметкерлерді жалпы және функционалдық сертификаттау енгізілді.



Қор мен ПК тәуекелдерінің толық емес тізбесі төмендегідей:



Әлеуметтік тұрақсыздық тәуекелі – Қор мен ҚК қызметкерлерінің әртүрлі топтарының әлеуметтік шиеленісімен байланысты тәуекел. Осы тәуекелді азайту мақсатымен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мәселелері бойынша жұмыс жүргізілуде.



Жазатайым жағдайлар тәуекелі – өндіріспен айналысатын, негізінен, ҚОР ҚК үшін маңызды болып табылатын қызмет ерекшелігінің себебінен болатын тәуекел. Осы тәуекелге ұшырағыш әрбір ПК тиімді еңбекті қорғау жүйесін құрады, соның ішінде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау береді, тиісті халықаралық стандарттарды енгізеді, қызметкерлердің қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауын бақылайды, қызметкерді өндірісте қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар қызметкерлер жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағдарламаларын талдау және одан әрі әзірлеу үшін өндірісте жазатайым жағдайлар туралы ақпараттың уақтылы берілу, оқиғаларды жасыру фактілеріне жол бермеу бақыланады, себептерін анықтау және есеп беру арқылы жарақаттанушылық деңгейі бақыланады.



Қордың/ПК маңызды инвестициялық жобаларының тәуекелдері – уақыттылығы, сапаны, экономикалық мақсатқа сәйкестікті, құнды және басқа да көрсеткіштерді ескеретін Қор тобының әртүрлі жобаларын іске асырумен байланысты тәуекелдер. Қор және ҚК инвестициялық жобаларды іске асыру кестелерін, уақтылы қаржыландырудың қамтамасыз етілуін, стратегиялық серіктестермен жұмысты тұрақты негізде бақылайды.



Өтімділік және ковенанттарды/листингтік талаптарды бұзу тәуекелі – компанияның өз қызметін қаржыландыруға және өз міндеттемелері бойынша толық мөлшерде жауап беруге қабілетсіздігімен байланысты тәуекелдер. Осы тәуекелдерді басқару шегінде мерзімді есептілік нәтижелерін ескере отырып, Қор тобының қаржылық тұрақтылығын арттыру және ҚК ковенанттарын қамтамасыз ету бойынша әртүрлі шаралар қабылдануда.



Кредиттік тәуекел – контрагенттердің Қор және ҚК алдындағы өз міндеттемелерін орындамауының, уақтылы немесе толық орындамауының салдарынан залалдың пайда болу тәуекелі. Осы тәуекелді басқару үшін Қор тәуекелдерді басқарудың олардың алдын алуға және азайтуға жағдай жасайтын әртүрлі механизмдерін пайдалана отырып, корпоративтік стандарттарды әзірлейді және бекітеді.



Санкциялық заңнаманың әсер ету тәуекелі – Қордың / ҚК активтері орналасқан мемлекеттерге қарсы санкцияларды енгізумен байланысты тәуекел. Осы тәуекелді азайту мақсатында санкцияларға мониторинг жүргізіледі, ескерту және бақылау іс-шараларын әзірлеу үшін олардың Қор мен ҚК қызметіне әсеріне талдау жасалады.



Соттың істі қарай тәуекелі – Қордың/ПК соттың ірі істерді қарауына қатыстырылу тәуекелі. Дауларды келіссөздер арқылы алдын ала шешу, Қордың қолданыстағы келісімдер бойынша міндеттемелеріне мониторинг жүргізу, уәкілетті органдармен хат жазысу арқылы нормативтік-құқықтық актілерін түсіндіру бойынша іс-шаралар және Қор тобының мүдделерін қорғау бойынша құқықтық сипаттағы басқа іс-әрекеттер жүргізіледі.



Активтерді жекешелендіру бағдарламасының тәуекелдері. Активтерді іске асыру бағдарламасы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елуден астам пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ меншік құқығында тиесілі ұйымдары «Активтерді өткізудің, қайта құрылымдаудың бірыңғай қағидаларына» сәйкес іске асырады. Сонымен қатар осы бағдарламаны іске асыру үшін Қорда Жобалау кеңесі құрылған.



Валюталық тәуекел – шетел валюталары бағамдарының жағымсыз өзгеруінің салдарынан залалдың пайда болу тәуекелі. Қордың / ҚК валюталық борышының деңгейіне бақылау жүргізіледі, ішкі және сыртқы нарықтардағы жағдай бақыланады, хеджінгтік операциялар жүргізіледі, сондай-ақ Қордың валюталық лимиттеріне жеке және шоғырландырылған негізде мониторинг жасалады.

Қордың өз мақсаттарына жетуіне орынды сенімділікті қамтамасыз ету мақсатында Қор тұрақты негізде тәуекелдерді корпоративтік басқару және ішкі бақылау жүйесін дамытуда.

ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Трансформациялау бағдарламасы Қордың стратегиялық мақсаттарына жетудің негізгі құралдарының бірі болып табылады: операциялық тиімділік бойынша Қоржындық компанияларды ең үздік шетелдік баламалар деңгейіне шығару; тұрақты өзгерістер үшін тиімді инфрақұрылымды құру; компаниялардың құны мен инвестициялық тартымдылығын арттыру.

Компаниялар өндірісін цифрландыру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін 2019 жылы Цифрлық трансформациялау бағдарламасына көшу талап етіледі:

Цифрлық трансформациялау бағдарламасын іске асырудың жаңа тәсілдері:

- ▶ Компаниялардың көрсеткіштеріне тікелей әсер беретін есептелген пайдалар;
- ▶ Өндірістік үдерістердегі нақты жүйелі проблемаларды шешу;
- ▶ Индустрияландыру үшін жаңа цифрлық технологияларды енгізуді талап ететін ағымдағы дүниежүзілік сын-тегеуріндерге сай болу.

Трансформациялау жобаларының таза экономикалық пайдалары

28

млрд теңге
2018 жылдың
қорытындылары
бойынша

6 компания

80 астам
жоба



2014

Елбасының қатысуымен өткен форумда «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациялау бағдарламасы ұсынылды және іске қосылды.

Бағдарлама үш сынамалы Қоржындық компанияда басталды - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазпошта» АҚ, одан кейін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ және «KEGOC» АҚ кезең-кезеңімен қосылды

2015

Қор мен Қоржындық компаниялар қызметтерінің негізгі көрсеткіштерінің жиынтықтары мен мақсатты мәндері қайта қаралды және компаниялардың стратегиялық мақсаттарына сай келтірілді

2017

Қордың Корпоративтік орталығының бизнес-үдерістеріне реинжиниринг аяқталды

2018

Қордың 2018-2028 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы Жалғыз акционердің шешімімен 2018 жылы 17 қазанда бекітілді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің №656 Қаулысы)

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY | ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

Мұнайды терең қайта өңдеу кешенін салу
«АМӨЗ» ЖШС қалпына келтіру және жаңарту» жобасының екінші кезеңі «АМӨЗ» ЖШС



Шымкент МӨЗ қалпына келтіру және жаңарту



Павлодар МХЗ жаңарту





Екібастұз ГРЭС-1 кеңейту және қалпына келтіру (№8 блокты қалпына келтіру)



Екібастұз ГРЭС-1 кеңейту және қалпына келтіру (№2 блокты қалпына келтіру)



Екібастұз ГРЭС-1 кеңейту және қалпына келтіру (№1 блокты қалпына келтіру)




ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

«Жезқазған – Бейнеу» теміржол желісін салу»



«Арқалық-Шұбаркөл» теміржол желісін салу»



«Қорғас – Шығыс қақпасы» ЕЭА құру және кешенді дамыту»






Біріктірілген газ-химия кешенін салу (бірінші фаза)



Біріктірілген газ-химия кешенін салу (екінші фаза)




«Атырау облысындағы ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық инфрақұрылым объектілерін салу (I-II кезектер)



Газсепарациялық қондырғыны салу



КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК БОЙЫНША ЕСЕП



ҚОР МЕН ҚК КАДРЛЫҚ САЯСАТЫ

Кадрлық саясатты іске асыру аясында 2018 жылы келесі іс-шаралар жүргізілді:

- ▶ Қызметкерлерді іріктеп алу және бағалау бойынша мақсатты үдерістер әзірленді және енгізілді;
- ▶ Менеджментке арналған көшбасшылық бағдарламалар әзірленді;
- ▶ ҚК CEO-1 позициясында бағалау рәсімдері мен панельдік сұхбаттар енгізілді;
- ▶ Ашық конкурстық іріктеп алуға және мирасқорлықты дамытуға арналған шаралар күшейтілді.

1

КАДРЛЫҚ САЯСАТ

Қор мен ҚК-ң Қор тобының стратегияларын іске асыру үшін құзыреттерді қолдайтын кадрлық саясаттар бекітілді.

2

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ


Мақсатты корпоративтік мәдениетті құру және дамыту мақсатында Қор мен ҚК корпоративтік мәдениеттің диагностикасын жүргізді, мақсатты корпоративтік мәдениетті дамыту бойынша құндылықтар мен жол карталарын дайындады.

3

КӨШБАСШЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Қор мен ҚК басшылары сәйкестікті (Job matching) бағалау нәтижелері бойынша әзірленген көшбасшылық бағдарламалары бойынша және жеке менеджментті дамыту жоспарларына сәйкес оқытылды.

ДАРЫНДАРДЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ



2018 1 орынға **36** үміткер **737** өтінім **37 555** Бағдарламаға қызығушылық білдіргендер

2019 1 орынға **145** үміткер **4 364** өтінім **42 219** Бағдарламаға қызығушылық білдіргендер

2018 1 орынға **8** үміткер **500** өтінім **2 100** Бағдарламаға қызығушылық білдіргендер

2019 1 орынға **26** үміткер **1 554** өтінім **12 495** Бағдарламаға қызығушылық білдіргендер

1 «Жас Өркен» бағдарламасы Сипаттамасы және 2018 жылы жүргізілген жұмыстың қорытындылары

2017 жылы Қордың бастамасы бойынша ЖОО дарынды түлектерін тарту, іріктеп алу және дамыту жөніндегі «Жас Өркен» бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама Қазақстанның аумағындағы барлық компанияларда әрі қарай қолдануға арналған үлгілік бағдарлама болып табылады. Үміткерлер қабілеттер мен әлеуетті бағалау бойынша ең үздік әлемдік практикалардан құралатын төрт деңгейлі іріктеуден өтеді. Финалға қатысушыларды құрамына «Самұрық-Қазына» АҚ мен Қор Тобы компанияларының басқарушы директорлары, ҚР мемлекеттік органдары мен халықаралық ұйымдардың тәуелсіз

бақылаушылары кіретін конкурстық комиссия іріктеп алады. Іріктеп алу кезінде конкурстың негізгі принциптері барлық қатысушылар үшін мүмкіндіктердің теңдігі, ашықтық және жариялылық, меритократия болып табылады.

Бұл Бағдарламаны мемлекеттік адами ресурстарына инвестиция, сонымен қатар 10-15 жылдық перспективада табысты идара қызметкер болуға және әртүрлі салалық міндеттерді шешуге үлес қосуға қабілетті жас кәсіпқойлардың арасында компаниялар тобының тартымдылығын арттыру тәсілі ретінде қарастыру қажет.

Бағдарламаның басы артықшылығы компанияның тәжірибелік қызметкерлерінің ішінен шыққан тәлімгерлердің жетекшілігімен үдемелі даму болып табылады. Бағдарламаға дамуы осы бастаманың ең негізгі іргетасы болып табылатын 80 тәлімгер қатысады. Бағдарлама барысында қатысушылар 4 әртүрлі кәсіпорында әрқайсысында 5 айдан ротациялардан өтеді.

Бағдарламаны ойдағыдай аяқтағаннан кейін жас мамандар Қор тобының Қоржындық компанияларында табысты мансапқа жете алады. Fortune 500

табысты компанияларының 60% астам топ-менеджерлерінің – осы сияқты бағдарламалардың түлектері екенін айта кету керек.

Бірнеше ұлттық компанияларда ротациядан өту мүмкіндігі бар мұндай ауқымды Бағдарлама Қазақстанның аумағында біреу ғана.

Егер 2017 жылы конкурстық іріктеуге Қазақстанның 21 қаласынан келген 600 жуық түлек қатысқан болса, 2018 жылы үміткерлердің саны 740 дейін көбейді. Бүгінгі күні бағдарламаға 33 жас маман қатысуда



2 «Цифрлық жаз» бағдарламасы Сипаттамасы және 2018 жылы жүргізілген жұмыстың қорытындылары

«Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасына сәйкес кадрлық әлеуетті дамыту мақсатында 2018 жылдың шілдесінен бастап қыркүйегіне дейінгі аралықта «Цифрлық жаз-2018» Тағылымдама бағдарламасы іске асырылды. Бұл Бағдарламаның мақсаты

АТ саласында білімі мен біліктілігі бар жас мамандарды қабылдау және дайындау, одан әрі Қор тобының компанияларына жұмысқа тұрғызу болып табылды. Тағылымгерлердің осы Бағдарламадан өту қорытындылары бойынша Қор тобы компанияларының қызметкерлерінің

арасындағы менторлардан келіп түскен пікірлерге сәйкес 33 тағылымгер анықталды.

Аталған Бағдарлама адами әлеуеттің дамуына жағдай жасайды. Жұмысқа қабылданған жас мамандар оларға берілген

операциялық міндеттерді өз бетінше жүргізеді. Мұндай бағдарламалар жас мамандардың қазақстандық компанияларға тартылуына себеп болады және Қор Тобы компанияларының рейтингтерін, соның арқасында компаниялар мен Қордың жұмыс берушісінің брендині арттырады.



ҚОРДЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ тобының беделін арттыру мақсатында жыл сайын «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының алдына «Самұрық-Қазына» АҚ атынан қайырымдылықты жүзеге асыратын оператор ретіндегі тиімді қайырымдылық қызметті іске асыру міндеттері қойылады. Қайырымдылық қызметті жүзеге асыру барысында Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік маңызы бар жобаларды сапалы іріктеп алуды, оларды қаржыландыру рәсімдерінің ашықтығын, сондай-ақ әр жоба бойынша нәтижелілікті арттыруды қамтамасыз етеді.

2018 жылы Samruk-Kazyna Trust қайырымдылық қызметтің барлық үдерістері мен механизмдерін зерделеу және қайырымдылықты жүзеге асырудың басымдықты бағыттарын «Самұрық-Қазына» АҚ 2018-2028 жылдарға арналған даму Стратегиясына сай келтіру бойынша талдау жүргізді.

Жүргізілген талдаудың нәтижелері бойынша Қордың Қайырымдылық саясаты мен Қайырымдылық бағдарламасына келесі өзгертулер мен толықтыруларды енгізу қажеттігі туындады:

1. Қайырымдылық көрсетудің басым бағыттарын өзгерту және толықтыру:
 - ▶ өңірлік және бизнес бастамаларды қолдау, «Астана» беделін кәсіби спорттың әлемдік аренасына шығару сияқты бағыттар алып тасталды;
 - ▶ келесі бағыт қосылды – Қор тобы бар өңірлерде өңірлік әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын іске асыру;
2. Салтанатты және мерейтойлық іс-шараларды, концерттерді,


дөңгелек үстелдерді өткізумен, «Астана» Президенттік кәсіби спорт клубы» Корпоративтік қорының кредиторлық берешегін өтеумен және қаржыландырумен байланысты пайдаланушылардың шығындарына қайырымдылық көрсетуді алып тастау;

3. Қордың жылдық қайырымдылық сомасын 15 000 000 000 теңгеден 10 000 000 000 теңгеге дейін азайту.


Сонымен қатар, қайырымдылық жобаларды, соның ішінде Samruk-Kazyna Trust өз бетінше іске асыратын жобаларды қарау және бекіту тәртібі өзгертілді.

Аталған өзгертулер Қордың қайырымдылық қызметін әлеуметтік бағыттағы міндеттерді орындауға, соның ішінде Қордың компаниялар тобы бар өңірлерді дамытуға бағытталған жобаларға шоғырландыруға мүмкіндік берді.

2018 жылға арналған Қайырымдылық бағдарламасының бюджеті аясында Samruk-Kazyna Trust **5 558 626 127 теңге** сомасына 32 жобаны қолдады, ал қайырымдылық жобаларының тікелей бенефициарларының жалпы саны 250 000 адамды құрады.



КОРПОРАТИВТІК БАСКАРУ



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ

Корпоративтік басқару жүйесі

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы – бұл бірыңғай компаниялар тобы. Біздің корпоративтік басқару жүйеміз жалпы Қордың компаниялар тобы бойынша басқару органдарының басқаруын, бақылауын және жауапкершілігін бірінші деңгейден бастап соңғы деңгейге дейін қамтиды. Қор туралы Заңға сәйкес Қордың Компаниялар тобында ең үздік корпоративтік басқару практикасын енгізу Қордың алдында тұрған басым міндеттердің бірі болып табылады, бұл туралы Қордың Даму стратегиясында да айтылған.

Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасына өз мандатын орындау үшін тиісті өкілеттіктер мен міндеттер берілген. Өз кезегінде, корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі мен корпоративтік есептіліктің сапасы жоғары ашықтық деңгейімен мүдделі тараптардың Қорға, Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасына сенімділігін сақтауда шешуші рөл атқарады.



Корпоративтік басқарудың құрылымы

ҚОРДЫ БАСҚАРУ КЕҢЕСІ

Қор қызметінің бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды құру

Қордың Даму стратегиясын мақұлдау

Қордың тәуелсіз директорларының сайлауы үшін үміткерлерді, сондай-ақ Қордың тәуелсіз директорларына төленетін сыйақы мөлшерін және төлеу шарттарын келісу

Қордың қазақстандық экономиканы мемлекеттік әртараптандыру және жаңғырту бағдарламаларына қатысу жөніндегі ұсыныстарды қарау

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Корпоративтік басқару кодексін бекіту

Директорларды, Басқарма Төрағасын тағайындау / қызметтен босату

Қордың Даму стратегиясын бекіту

Қаржылық нәтижелерді бекіту және дивидендтерді алу

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, Басқарма мүшелерін тағайындау / қызметтен босату, Басқарма мүшелерінің ҚБК бекіту

Даму жоспарларын, жылдық бюджеттерді бекіту және мониторинг жүргізу

Қордың: тәуекелдерді басқару, тұрақты даму, ақпаратты ашу саясаттарын және басқа да саясаттарын бекіту

Сыртқы аудиторды таңдау

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ ҚЫЗМЕТІ

Сыртқы аудитор

Қаржылық есептілікке және ішкі бақылауларға қатысты нәтижелер мен ұсынымдар

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

Трансформациялау бағдарламасын іске асырудың бақылау комитеті

Мамандандырылған комитет

Стратегия комитеті

Аудит комитеті

Директорлар кеңесінің, құрамы, оған сыйақы беру және мирасқорлығы

Трансформациялау бағдарламасын іске асыруға мониторинг жүргізу

Қордың ПК қызметінің экономиканың дамуына әсерін кешенді және объективті талдау

Қордың даму стратегиясын және Қордың даму жоспарын алдын ала мақұлдау

Қаржылық ақпараттың тұтастығы және ішкі бақылау. Директорлар кеңесіне сыртқы аудитордың таңдау бойынша ұсынымдар беру

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Қордың қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі саласындағы бағалау

БАСҚАРМА

Инвестициялық-стратегиялық комитет

Кадрлық саясат жөніндегі комитеті


Жаңғырту кеңесі

БАСҚАРМА ХАТШЫЛЫҒЫ

1-ДЕҢГЕЙДЕГІ ПК ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ/ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ

1-ДЕҢГЕЙДЕГІ ПК АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ

«Самұрық-Қазына» ақ ұйымдық құрылымы



2019 жылғы 15 наурыздағы жағдай бойынша

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қор мен Жалғыз акционердің арасындағы қарым-қатынастар «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және өзара әрекеттесудің негізгі қағидаларын және Үкіметтің біздің қызметіміздің мәселелері бойынша Қорға қоятын талаптарын белгілейтін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамымен реттеледі.

Үкімет мен Қордың арасындағы өзара әрекеттесудің негізгі қағидалары мыналар болып табылады:

- ▶ «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) Қордың, және Қордың Директорлар кеңесіндегі Үкімет мүшелерінің өкілдіктерінің жарғысымен көзделген Жалғыз акционердің өкілеттіктерін іске асыру

Қордың Жалғыз акционерінің шешімдерін тікелей Жалғыз акционер қабылдауға тиіс міндеттер тізбесі бар. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жататын мәселелерге шолу төменде келтірілген. Бұл мәселелер стратегиялық және қаржылық нәтижелердің қорытындыларын шығару кезінде Қор үшін негіз қалаушы мәселелер болып табылады.

- ▶ Қордың Жарғысын бекіту;
- ▶ Қордың жылдың қаржылық есептілігін бекіту;
- ▶ Қордың даму стратегиясын бекіту;
- ▶ Қордың Корпоративтік басқару кодексін бекіту;
- ▶ Қордың дивидендтік саясатын анықтау, есепті кезең қорытындылары бойынша Қордың таза кірісін бөлу туралы шешім қабылдау, дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
- ▶ Қордың ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
- ▶ Қордың Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- ▶ Басқарма Төрағасын тағайындау және мерзімінен бұрын қызметінен босату;
- ▶ Қордың Жалғыз акционері анықтаған тізбе бойынша компания акцияларын иеліктен айыру, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімді басқаруға беру;
- ▶ Қордың Жалғыз акционері анықтаған тізбе бойынша компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешімдерді қабылдау.

Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі Қордың www.sk.kz сайтында көрсетілген Жарғысында ашылған

арқылы ғана жүзеге асырылатын Үкімет тарапынан Қорды басқару;

- ▶ Заңдарда, актілерде және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қор тобының жедел (ағымдағы) қызметіне Үкіметтік, оның мүшелерінің, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының араласпауы;
- ▶ Қор тобы қызметінің есептілігі және ашықтығы.

Акционерлік капитал

- ▶ Жарияланған акциялар саны – 3 500 000 000;
- ▶ Акциялардың түрлері – жай акциялар;
- ▶ Қордың орналастырылған акцияларының саны – 3 481 939 318
- ▶ Кезең ішіндегі орналастырылған акцияларының саны – 1 000
- ▶ Бір акцияның бағасы – 290 037 теңге

Дивидендтер

2018 жылы Қор Акционерге Үкіметтің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы (2016 жылдың қорытындылары бойынша 2017 жылы 11 899 млн теңге) Қаулысына сәйкес 2017 жылдың қорытындылары бойынша 12 732 млн теңге мөлшерінде дивиденд төледі.

Қордың дивидендтік саясатын www.sk.kz сайтынан көруге болады

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Қордың Директорлар кеңесі Қор Басқармасы қызметіне стратегиялық жетекшілікті және бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз акционерге есеп беретін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі Қорға тігінен жоғарыда төменге қарай тиісінше басқаруды қамтамасыз ету арқылы жетекшілік ету рөлін атқарады.

Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жататын негізгі міндеттердің тізбесіне төмендегілерге қатысты шешім қабылдауды және бекітуді талап ететін мәселелер жатады:

- ▶ Орташа мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлауға, Қор қызметінің негізгі көрсеткіштеріне;
- ▶ Аудиторлық ұйымды, аудиторлық қызметтерді төлеудің шекті мөлшерін анықтауға;
- ▶ Тәуекелдерді басқару, әлеуметтік жауапкершілік, демеушілік және қайырымдылық көмек, ақпаратты ашу жөніндегі саясаттарға және басқа да саясаттарға;
- ▶ Кредиттік және индустриялық-инновациялық саясаттарға;
- ▶ Директорлар кеңесінің Комитеттеріне;
- ▶ Басқарманың сандық құрамына, өкілеттіктер мерзіміне, Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелерін сайлауға және өкілеттіктерін тоқтатуға;
- ▶ Ішкі аудит қызметінің сандық құрамына, өкілеттіктер мерзіміне, оның жетекшісін тағайындауға және өкілеттіктерін тоқтатуға;
- ▶ Қордың басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан астам пайызын сатып алуына және иеліктен шығаруына;
- ▶ Корпоративтік басқаруды бағалауға және Қордың Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға;
- ▶ Қызығушылық тудырған мәмілелерге;
- ▶ Қордың жылдық есептемесіне.

Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі Қордың www.sk.kz сайтында көрсетілген Жарғысында ашылған.



Директорлар кеңесінің құрамы (2019 ж. наурыз айындағы жағдай бойынша)

Директорлар кеңесінің құрамында 2019 жылғы наурыз айынан бастап қызмет атқарады.

1965 жылғы 23 қазанда туған.

Целиноград инженерлік-құрылыс институтын, Г.В.Плеханов атындағы Ресей экономикалық академиясын инженер-құрылысшы, экономист мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек қызметін «Целинтяжстрой» трестінің монтаждаушысы ретінде бастады.

1996–2008 жылдар – Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары, көлік және коммуникациялар вице-министрі, индустрия және сауда бірінші вице-министрі, Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрі.

2008 жылғы сәуір айынан бастап – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» Ақ президенті.

2016 жылғы 9 қыркүйектен бастап – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші Орынбасары. 2019 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ҚР Премьер-Министрі болып тағайындалды.

1998 ж. «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2006 ж. «Құрмет» орденімен, 2011 ж. II дәрежелі «Барыс» орденімен, 2010 ж. III дәрежелі әулие Даниил Московский орденімен (РПЦ), 2013 ж. Франция Республикасының Құрметті Легион орденімен, 2013 ж. Латвия Республикасының екінші дәрежелі «Тану Қресімен», 2014 ж. Испания Корольдігінің «Азаматтық жетістіктері үшін» I дәрежелі орденімен марапатталды, 2011 ж. – Астана қаласының Құрметті азаматы, 2012 ж. – Құрметті теміржолшы, 2013 ж. – Қазақстанның Құрметті құрылысшысы атақтары берілді.

Жалғыз акционердің 2019 жылғы 7 наурыздағы шешімімен (ҚР Үкіметінің № 91 қаулысы) «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып тағайындалды.



МАМИН АСҚАР ҰЗАҚБАЙҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі –
«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы»

2019 жылғы наурыз айынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

1975 жылғы 8 ақпанда дүниеге келген.

1999 жылы Стамбулдағы (Түрік Республикасы) Мармара Университет ін «Экономика» мамандығы бойынша бітірген.

1999 ж. бастап 2002 ж. дейін – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер министрлігінің Кірістерді талдау және болжау департаментінің жетекші маманы, мұнай, газ және энергетика бөлімінің бастығы, бастықтың орынбасары, Департаменті бастығы.

2002 ж. наурыз айынан бастап 2002 ж. қыркүйек айына дейін – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер министрлігі Кірістерді талдау және болжау департаментінің Кірістерді талдау және болжау басқармасының бастығы.

2002 ж. қыркүйек айынан бастап 2003 жылғы мамыр айына дейін – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер министрлігі Кірістер, конвенциялар және келісімшарттар департаменті Ағымдағы кірістер басқармасының бастығының м.а.

2003 ж. мамыр айынан бастап 2003 ж. қыркүйек айына дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салы комитетінің Кірістерді талдау және ағымдағы болжау басқармасының бастығы.

2003 ж. қыркүйек айынан бастап 2005 ж. қаңтар айына дейін – Қазақстан

Республикасы Қаржы министрлігі Кірістерді талдау департаментінің директоры.

2005 ж. бастап 2008 ж. дейін – жеке меншік секторда жұмыс істеді.

2008 наурыз айынан бастап 2017 жылғы сәуір айына дейін – вице-министр финансов Республики Казахстан.

2017 ж. сәуір айынан бастап 2019 ж. 25 ақпанға дейін – Қазақстан Республикасы ұлттық экономика бірінші вице-министрі.

2019 ж. 25 ақпаннан бастап – Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрі.

«Құрмет» Орденімен, «Ерен еңбегі үшін», II дәрежелі «Еуразиялық экономикалық одаққа қосқан үлесі үшін» медальдарымен, «Қаржы қызметінің үздігі», «Астананың 10 жылдығы», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» ҚР ҚМ төсбелгілерімен марапатталған.

Жалғыз акционердің 2019 жылғы 7 наурыздағы шешімімен (ҚР Үкіметінің № 91 қаулысы) «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.



ДӘЛЕНОВ РУСЛАН ЕРБОЛАТҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

**2017 жылғы қаңтар айынан бастап
Директорлар кеңесінің мүшесі.**

1978 жылғы 5 сәуірде дүниеге келген.

2000 жылы Павлодар Мемлекеттік университетін, **2002 жылы** – «Болашақ» бағдарламасы бойынша Мэриленд университетін іскерлік әкімшілендіру магистрі мамандығы бойынша бітірген.

2009 ж. бастап – Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі.

2010–2012 жж. – Қазақстан Республикасы экономикалық даму және сауда вице-министрі.

2012–2016 жж. – Еуразиялық экономикалық комиссияның Экономика және қаржы саясаты жөніндегі алқа мүшесі (Министр).

2016–2019 жж. – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі.

2019 жылғы наурыз айында Президенттің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің Көмекшісі болып тағайындалды.

Жалғыз акционердің 2019 жылғы 3 сәуіріндегі шешімімен (ҚР Үкіметінің № 156 қаулысы) «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің Көмекшісі етіп сайланды.



СУЛЕЙМЕНОВ ТИМУР МУРАТОВИЧ

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі
«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

**2008 жылдың қазан айынан бастап
Директорлар кеңесінің мүшесі.**

1942 жылдың 9 шілдесінде дүниеге келген

1960 жылы Корольдік массон мектебін бітірген (Хартфордшир, Лондон).

1960–1967 жылдары – Бірлескен Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия корольдігінің Көлік және технологиялар министрлігіндегі шарттар бөліміндегі жұмыс істеді.

1969–1981 жылдары – әскери авиация бөлімінде коммерциялық менеджер, кейіннен ВАС коммерциялық директоры.

1981–1983 жылдары – «British Aerospace plc.» компаниясында басқарушы директордың орынбасары.

1983–1987 жылдары – «British Aerospace plc.» компаниясының басқарушы директорының орынбасары және авиациялық топтың директоры.

1987 жылы – «British Aerospace plc.» компаниясының маркетинг жөніндегі директоры.

1988–1990 жылдары – «British Aerospace Defence Company» компаниясының төрағасы.

1990–1992 жылдары – «British Aerospace plc.» компаниясының бас атқарушы директоры.

1992–2002 жылдары – «Airbus Industry» компаниясының байқау кеңесінің мүшесі.

1998–2000 жылдары – National Westminster Bank атқарушы емес директоры.

1998–2004 жылдары – «BAE Systems» компаниясының төрағасы.

2001–2008 жылдары – «United Utilities plc.» компаниясының төрағасы.

2006–2008 жылдары – «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

2009–2016 жылдары – Ланкашир орталық университетінің ректоры.

Жалғыз акционердің 2008 жылғы 17 қазандағы шешімімен (ҚР Үкіметінің № 962 қаулысы)– «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.

Жалғыз акционердің 2014 жылғы 8 қаңтардағы шешімімен (ҚР Үкіметінің № 1493 қаулысы) –«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.



СЭР РИЧАРД ЭВАНС

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Тәуелсіз директор

**2018 жылдың наурыз айынан бастап
Директорлар кеңесінің мүшесі.**

1960 жылдың 11 тамызында дүниеге келген

30 жылдам астам Ұлыбритания, Түркия, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Азиядағы PwC компанияларының халықаралық желісінде жұмыс істеді. Оның аудиторлық және консультациялық қызметтер, корпоративтік басқару салаларында және өндірістік, қаржылық, энергетикалық және мемлекеттік секторлардағы қаржы саласында тәжірибесі өте зор.

Альпер өзінің кәсіби қызметін дипломы бар білікті бухгалтер дәрежесін иеленген соң, **1984 жылы** Лондон қаласында PriceWaterhouse компаниясында бастады.

1989 жылдан бастап Түркиянің Ыстамбұл қаласында жұмыс істеді, жергілікті және халықаралық компанияларға аудиторлық және консультациялық қызметтер көрсеті, ал 1992 жылы PriceWaterhouse серіктесі атанды.

1996 жылы Альпер Лондонға оралды, мұнда ол PriceWaterhouse және Coopers&Lybrand ғаламдық бірігуіне қатысты жұмысқа тартылды. Кейіннен ол Жапония, Үндістан, Гонконг, Сингапур, Таиланд, Оңтүстік Америка және Швеция сияқты елдерде және өңірлерде бірігу жөнінде халықаралық мәмілелерді іске асырумен айналысты. Содан кейін Альпер Сингапурдағы өңірлік басқарушы топтың мүшесі болды.

2007 жылдың қаңтар айынан бастап

2015 жылдың маусым айына дейін Альпер

Басқарушы серіктес болды, ал содан кейін

2017 жылдың маусым айынан бастап PwC Еуразия – өз ішінде Қазақстан, Әзірбайджан,

Грузия, Армения, Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Монғолия сияқты елдерді қамтитын өңірдің Төрағасы, клиенттерге мемлекеттік және жеке секторда қызметтер көрсетті. Сондай-ақ ол Орталық және Шығыс Еуропаның PwC Басқарма мүшесі болды.

Альпер Англия және Уэльстің Алқалы (ант берген) бухгалтерлер институтының (АУАБИ) толық мүшесі. Бизнес магистрі дәрежесі бар, Bath University, Ұлыбритания. Альперге Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтында (ҚМЭБИ) құрметті доктор дәрежесі берілді, сондай-ақ Гарвард бизнес мектебінде халықаралық бизнес-бағдарламасын меңгерген..

Жалғыз акционердің 2018 жылғы 27 наурыздағы шешімімен (ҚР Үкіметінің № 144 қаулысы) «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.



АЛЬПЕР АҚДЕНИЗ

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Тәуелсіз директор

2018 жылдың наурыз айынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1944 жылдың 3 тамызында дүниеге келген

Франкфурттағы Иоганн Вольфганг Гете университетін бітірген. Гиссендегі Justus-Liebig Университетінің құқық ғылымдарының кандидаты.

1974–1983 жылдары «Deutsche Bahn» компаниясында түрлі лауазымдарда жұмыс істеді.

1983–1989 жылдары – «German Transport Forum» компаниясының Басқарушы директоры, бұл Германиядағы логистикалық компаниялардың алдыңғы қатарлы өнеркәсіп ұйымы. Сол кезде Компания Төрағасы Герман-Йозеф Абс («Deutsche Bank») болған.

1989–1993 жылдары – «Schenker» және «Schenker Waggon-und Beteiligungs» AG экспедиторлық топтың Төрағасы, «Schenker-Rhenus» басқарма мүшесі.

«Fraport AG» компаниясында жұмыс істей бастауы:

1993–2009 жылдары «Fraport AG» компаниясының Төрағасы, бұл компания Германия нарығындағы көш бастап жатқан ең ірі халықаралық әуежайлардың бірі – Франкфурт әуежайына иелік етеді және басқарады. Бүгінгі таңда «Fraport AG» бүкіл әлем бойынша шамамен 30 әуежайды басқарады.

2001 жылы Вильгельм Бендер сәтті IPO арқасында «Fraport AG» компаниясының қаржылай өсуіне септігін тигізді.

2009 жылы Вильгельм Бендердің басшылығымен «Fraport AG» компаниясы төрт ұшу-қону жолақтарын және үшінші терминалды эксплуатацияға енгізу арқылы Франкфурт әуежайын кеңейтті.

2008 жылы Вильгельм Бендер Франкфурттағы Иоганн Вольфганг Гёте Университетінің Құрметті профессоры атағына ие болды. 2009 жылдан бастап қазіргі кезге дейін – аға кеңесші. 2010 жылы Франкфурттағы Гёте Университетінің достары және жақтастары қауымдастығын басқарды. 2014 жылы Хо-Чи-Минь-Сити Вьетнам-герман Университетін қолдау қауымдастығын басқарды.

2016–2018 жылдары – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор.

Вильгельм Бендер келесі компаниялардың Байқау кеңесінің қазіргі (және бұрынғы) мүшесі болып табылады: «Bombardier Transportation» (төраға), «Eintracht Frankfurt FuYball» AG (төраға), «Thyssen Krupp Services», «Adtranz, Signalduna», «Voedag», «Techem», «Lufthansa CityLine», «Delvag», «Lufthansa Cargo», «MTU», «The Germany Funds». Консультациялық кеңестің бұрынғы (және қазіргі) мүшесі: «Royal Bank of Scotland», «Stinnes», «DZ-Bank», «Allianz», «Deutsche Bank».

Вильгельм Бендер Рейн-на-Майне өңірінде және шет елдерде қайырымдылық қызметімен айналысады.

Жалғыз акционердің 2018 жылғы 27 наурыздағы шешімімен (ҚР Үкіметінің № 144 қаулысы) «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.



ВИЛЬГЕЛЬМ БЕНДЕР

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Тәуелсіз директор

2017 жылдың желтоқсан айынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі.

1950 жылдың 15 желтоқсанында дүниеге келген

1974 жылы «Ауыл шаруашылығы өндірісінің процестер механизациясы» мамандығы бойынша Қазақ ауылшаруашылық институтының механикалық факультетін бітірген.

1991 ж. – «Әлеуметтік-саяси қатынастар теориясы» мамандығы бойынша Ресей қоғамдық ғылымдар академиясының әлеуметтік-саяси факультетін тәмамдады. Экономика ғылымдарының докторы (1999).

1990 жылдан ҚазКСР Мемагроөнеркәсіп төрағасының бірінші орынбасары, ал 1991 жылы ҚазКСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрінің бірінші орынбасары.

1991–1992 жылдары – Алматы облыстық Халық депутаттары кеңесінің төрағасы.

1992–1994 жылдары – Алматы облыстық әкімшілігінің басшысы.

1994–1996 жылдары – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

1996–1998 жылдары – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы.

1998–2001 жылдары – ҚР Бенилюкс мемлекеттеріндегі (Бельгия Корольдігі, Нидерланд Корольдігі және Люксембург Ұлы Герцогтігі) Төтенше және Өкілетті Елшісі. ЕО-да және НАТО-да Қазақстан Республикасының Өкілдігін басқарды.

2001–2006 жылдары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары.

2006 жылдың қаңтарынан бастап 2008 жылдың сәуір айына дейін – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі.

2008 жылдың сәуірінен бастап 2015 жылдың тамыз айына дейін – Алматы қаласының әкімі, «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының төрағасы.

2015 жылдың тамызынан бастап 2017 жылдың желтоқсанына дейін – «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы.

2017 жылдың желтоқсанынан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы.

«Қазақстанның Еңбек Ері», «Құрмет белгісі», «Достық», «Парасат», «Отан» ордендерімен марапатталған.

Жалғыз акционердің 2017 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен (ҚР Үкіметінің № 863 қаулысы) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы болып сайланды.



ЕСІМОВ АХМЕТЖАН СМАҒҰЛҰЛЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Басқарма Төрағасы

2018–2019 жылдары Директорлар кеңесі құрамындағы өзгерістер

Күні	Директорлар кеңесінің мүшесі	Оқиға
27 наурыз 2018 жыл	Мирчев Александр Васильевич	Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымынан босатылды
27 наурыз 2018 жыл	Ақдениз Альпер	Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды
27 наурыз 2018 жыл	Вильгельм Бендер	Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды
9 қараша 2018 жыл	Смаилов Алихан Асханович	Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымынан босатылды
9 қараша 2018 жыл	Жаксылыков Тимур Мекешович	Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды
12 желтоқсан 2018 жыл	Султанов Бахыт Турлыханович	Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымынан босатылды
12 желтоқсан 2018 жыл	Жаксылыков Тимур Мекешович	Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымынан босатылды
12 желтоқсан 2018 жыл	Жамаубаев Ерулан Кенжебекович	Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды
7 наурыз 2019 жыл	Сагинтаев Бахытжан Абдирович	Директорлар кеңесінің Төрағасы лауазымынан босатылды
7 наурыз 2019 жыл	Сүлейменов Тимур Муратович	Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымынан босатылды
7 наурыз 2019 жыл	Мамин Аскар Узакпаевич	Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды
7 наурыз 2019 жыл	Дәленов Руслан Ерболатұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды
3 сәуір 2019 жыл	Жамаубаев Ерулан Кенжебекович	Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымынан босатылды
3 сәуір 2019 жыл	Сүлейменов Тимур Муратович	Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды

Директорлар кеңесінің мүшесі етіп тағайындау және ол лауазымнан босату Жалғыз акционердің шешімімен (ҚР Үкіметінің қаулысымен) жүзеге асырылады

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

2018 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 11 отырысы өткізілді, соның ішінде 8-і күндізгі және 3-уі сырттай отырыс.



Барлығы 111 сұрақ қарастырылды, солар бойынша 166 шешім қабылданды, 54 тапсырма берілді.



«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2018 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшесі	Лауазымы	Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу/Жалпы саны	Қатысу/Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде қатысу, %
Сагинтаев Бахытжан Абдирович	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы	11/11	11/11 100%
Смаилов Алихан Асханович	Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚР Президентінің көмекшісі	4/11	4/7 57%
Султанов Бахыт Тұрлыханович	Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚР Қаржы министрі	6/11	6/6 100%
Сулейменов Тимур Муратович	Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚР Ұлттық экономика министрі	10/11	10/11 91%
Сэр Ричард Эванс	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	11/11	11/11 100%
Мирчев Александр Васильевич	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	2/11	2/2 100%
Бендер Вильгельм	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	9/11	9/9 100%
Ақдениз Альпер	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	9/11	9/9 100%
Есимов Ахметжан Смагулович	Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының Төрағасы	11/11	11/11 100%
Жаксылыков Тимур Мекешевич	Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚР Президентінің көмекшісі	1/11	1/1 100%
Жамаубаев Ерулан Кенжебекович	Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚР Президентінің көмекшісі	1/11	1/1 100%

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Аудит комитеті

Комитеттің Төрағасы – Сэр Ричард Эванс

Аудит комитеті. Қордың қаржылық есептілігінің, ішкі бақылау саясатының және сәйкестендіру процедураларының, тәуекелдерді бағалау тиімділігін талдау үшін жауапты тұлға болып табылады. Сонымен бірге, Аудит комитеті Қордың бөлек және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің тұтастығын қадағалайды, сыртқы аудиторлармен аудиторлық емес қызметтердің көлемі, деңгейі және құны бойынша байланыс орнатады, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің рөлі мен жұмысының тиімділігін бақылайды.



Аудит комитетінің құрамы және 2018 жылы Аудит комитетінің отырыстарына қатысу

Аудит комитетінің мүшесі	Барлығы	Күндізгі	Сырттай	АК тыс
Сэр Ричард Эванс	15/15	14/14	1/1	2/2
Вильгельм Бендер	13/13	13/13	–	0/2
Ақдениз Альпер	13/13	13/13	–	0/2
Александр Мирчев	2/2	1/1	1/1	0/2
Хауз Питер (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы)	15/15	14/14	1/1	2/2

Аудит комитетінің жұмысы

2018 жылы Аудит комитеті барлығы 15 отырыс өткізді, соның ішінде 14 күндізгі және 1 сырттай отырыс. Отырыстарда Аудит комитеті өз құзыреті шегінде түрлі салаларда 51 сұрақты қарастырды.

Қосымша 2 күндізгі отырыс Аудит комитеті мүшелерінің қатысуымен Аудит комитеті отырыстары шеңберінен тыс Аудит комитетінің құзыретіне кіретін сұрақтар бойынша өткізілді. Одан басқа, жыл бойы Аудит комитеті тәуекелдерді басқару бөлігінде оларды әрі қарай Директорлар кеңесінің қарауына ұсынғанға дейін ішкі құжаттарды қарастырды.



Бір жылдың ішінде Аудит комитеті ішкі және сыртқы аудиттің, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің, қаржылық есептіліктің, корпоративтік басқару саласындағы бірқатар мәселелерді және Аудит комитетінің ұйымдастыру мәселелерін қарастырды. Аудит комитеті келесі міндеттерді орындады:

Ішкі аудит

- ▶ Аудит комитеті 2017 және 2018 жж. арналған Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүргізілген тексерулер бойынша аудиторлық есептерді зерделеді;
- ▶ Аудит комитеті сонымен қатар: 1) ақпараттық технологиялар инфрақұрылымына және 2) синергетикалық тәсілдің негізінде Қордың бірқатар еншілес ұйымдарында Трансформациялау бағдарламасын іске асыруға қатысты жүргізілген тексерулердің нәтижелері жөніндегі аудиторлық есептерді қарастырды;
- ▶ Қордың Ішкі аудит қызметінің жұмысын тоқсан сайынғы негізде қарастырды және тиімділігін бағалады; Қордың Ішкі аудит қызметінің бас менеджері лауазымына үміткерлермен бірқатар сұхбаттарды жүргізді және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау туралы Директорлар кеңесіне ұсынымдарды әзірледі;
- ▶ Қордың Ішкі аудит қызметінің 2019 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын қарастырды және алдын ала мақұлдады;
- ▶ Қордың Директорлар кеңесі үшін әзірленген ішкі аудиттің тоқсан сайынғы есептерін саралады.

Сыртқы аудит

- ▶ Қордың 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шоғырландырылған және бөлек қаржылық есептілігі мен аудит қорытындысын қарастырды, сондай-ақ аудиторлардың тәуелсіздігі туралы растауын алды;
- ▶ Қор және Қордың Компаниялар тобындағы ішкі бақылау жүйесіндегі кемшіліктер туралы сыртқы аудитордың есептерін қарастырды;
- ▶ Қордың 2018 жылдың 30 маусымында аяқталған жыл үшін алты айлық кезеңдегі аралық қысқартылған шоғырландырылған және бөлек қаржылық есептілігінің шектеулі шолу процедураларының нәтижелерін қарастырды;
- ▶ 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Қордың шоғырландырылған және бөлек қаржылық есептілігінің аудит жоспарын қарастырды және мақұлдады;
- ▶ Қор және Қордың еншілес ұйымдарына Қордың аудиторлық ұйымының тарапынан консультациялық аудиторлық емес қызметтердің көрсетілуін мақұлдау мәселесін бірнеше рет қарастырды.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару

- ▶ Бір жылдың ішінде Аудит комитеті тәуекелдер жөніндегі тоқсан сайынғы есептерді қарастырды;
- ▶ Қордың 2019 жылға арналған тәуекелдер картасы мен тіркелімін, тәуекел-аппетиттерді қарастырды және пікірін білдірді;

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Банк-контрагенттерге лимит белгілеу жөнінде саясатын қарастырды және пікірін білдірді.

Қаржылық есептілік

- ▶ Қаржылық есептілікті дайындау барысында Қор Тобы компанияларының сыртқы аудиторлар анықтаған маңызды кемшіліктерді жою бойынша Бірыңғай іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі туралы мәселені қарастырды;
- ▶ Қаржылық есептілікті және қаржылық есептілікте қамтылған пайымдарды қарастырды. 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Қордың қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдады және Директорлар кеңесіне алдын ала мақұлдауға ұсынды;
- ▶ Қордың 2018 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігін қарастырды.

Корпоративтік басқару

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Қоржындық компанияларындағы корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау нәтижелерін қарастырды.

Комплаенс

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ COMPLIANCE қызметінің қызметі туралы есепті қарастырды.


Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

**Комитет Төрағасы –
Мамин Асқар Ұзақбайұлы**

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің, Басқарманың құрамына, Корпоративтік хатшы лауазымына білікті мамандарды тарту, тәуелсіз директорларға берілетін сыйақыларды, Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшыға еңбекақы және сыйлықақы төлену шарттарын мақұлдау мәселелері бойынша ұсынымдардың дайындалуы мен берілуіне жауапты болып табылады.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы және 2018 жыл ішіндегі Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысуы

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі	Барлығы	Күндізгі	Сырттай
Сагинтаев Бахытжан Абдирович	7/7	6/6	1/1
Сэр Ричард	7/7	6/6	1/1
Альпер Ақдениз	4/4	4/4	–
Доктор Вильгельм Бендер	4/4	4/4	–
Мирчев Александр Васильевич	2/2	1/1	1/1



Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің жұмысы

2018 жылы Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті 7 отырыс, соның ішінде 6 күндізгі және 1 сырттай отырыс өткізді. Барлығы 12 мәселе қаралды:

- ▶ 2016 жылғы 18 мамырдағы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне өзгертулерді енгізу туралы (№ 130 хаттама);
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің 2017 жыл ішіндегі қызметі туралы есеп;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз директорларына сыйақылар мөлшерлерін белгілеу туралы;
- ▶ «Тау-Кен Самұрық»; ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі Тағайындаулар және сыйлықақылар жөніндегі комитеттің 2018 жылға Жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ жетекші қызметкерлері үшін 2017 жылға арналған нақты мәндері бар қызметінің негізгі көрсеткіштерін (ҚБК) бекіту және 2017 жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің 2018 жылға арналған корпоративтік негізгі көрсеткіштерін бекіту туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ 2018 – 2028 жылдарға арналған Кадрлық саясатын бекіту туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің 2019 жылға арналған корпоративтік негізгі көрсеткіштерін бекіту туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы туралы» мәселені шығару;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Төрағасы мен Басқарма мүшелеріне Еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарына өзгертулер мен толықтыруларды бекіту туралы.

Комитеттің барлық ұсыныстары мен ұсынымдары Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған соң, олар бойынша тиісті хаттамалық шешімдер қабылданды. Комитеттің ұсыныстары мен ұсынымдарынан бас тарту жағдайлары орын алған жоқ.

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитет

**Комитет Төрағасы –
Мамин Асқар Ұзақбайұлы**

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитет Қордың Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесу органы бола тұрып, Қордың Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын мониторингтеу және бағалау, Қордың Директорлар кеңесіне қажетті ұсынымдар әзірлеу міндеттерін орындайды.

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің құрамы және 2018 жылы Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысуы

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі	Күндізгі отырыстардың барлығы
Сагинтаев Бахытжан Абдирович	4/4
Сэр Ричард Эванс	4/4
Есимов Ахметжан Смагулович	4/4
Смаилов Алихан Асханович	1/4

2018

4

күндізгі отырысылар

Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің жұмысы

2018 жылы Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитет барлығы 4 күндізгі отырысты өткізді.

Бір жылдың ішінде Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитет 8 мәселені қарады. Олардың ішіндегі Трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысы туралы мәселе бірнеше рет қарастырылды. Атап айтқанда, Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитет келесі мәселелерді қарастырды:

- ▶ Трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысы жөніндегі есеп туралы;

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ жаңа редакциядағы Трансформациялау бағдарламасын бекіту туралы;
- ▶ Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің 2017 және 2018 жылдар ішіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің жанындағы қызметі жөніндегі есеп туралы;
- ▶ Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің жанындағы 2019 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту туралы.

Комитет мүшелері Трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысы туралы Есептердің мазмұны жөнінде ұсыныстарды ұсынды, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациялау бағдарламасына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу жөнінде ескерту жасады.

Жалпы, Трансформациялау бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі комитеттің отырыстары Комитеттің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 12 хаттамалық шешімімен бекітілген Комитеттің 2018 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі негізде жүргізілді.

Мамандандырылған комитет

Мамандандырылған комитет «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар қызметінің экономикаға немесе экономиканың жеке бір саласына ықпалын кешенді және объективті талдауды жүзеге асырады, бұл жерде олармен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, республикалық бюджет қоры қаражатының, сондай-ақ мемлекет активтері мен кепілгерліктің пайдаланылуына қатысты мәселелер кірмейді.

Мамандандырылған комитеттің құрамы

Мамандандырылған комитеттің мүшесі	Лауазымы, дауыс беру құқығы
Бергенов Адылгазы Садвокасович	Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі Дауыс беру құқығы бар сарапшы
Карымсаков Бейбит Еркінбаевич	«Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор Дауыс беру құқығы бар сарапшы
Жанадил Ернар Бейсенұлы	«Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі тең басқарушы директор Дауыс беру құқығы бар сарапшы
Исаев Бахтияр Орынбасарович	«Самұрық-Қазына» АҚ Сатып алуларды бақылау және мониторинг департаментінің директоры Дауыс беру құқығы бар сарапшы
Тулешов Габдулкамит Маденович	ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитеті Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау басқармасының жетекшісі Дауыс беру құқығы бар сарапшы
Киякбаева Ардак Борановна	ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Мемлекеттік меншік объектілерін басқару тиімділігіне мониторинг жүргізу басқармасы басшысының м.а. Дауыс беру құқығы бар сарапшы
Бушмухамбетова Айнур Сансизбаевна	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорды басқару және ҚР Қаржы министрі ДБК қаржы секторының мәселелері бойынша өзара әрекеттесу басқармасының басшысы Дауыс беру құқығы бар сарапшы

Мамандандырылған комитеттің жұмысы

2018 жылы Мамандандырылған комитеттің отырысы өткізілген жоқ.

Қордың Директорлар кеңесінің 25.12.2013 жылғы № 103 шешімімен Б.Т. Султанов Мамандандырылған комитеттің Төрағасы болып сайланды. Алайда,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 желтоқсандағы № 882 «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962

қаулысына өзгертулерді енгізу туралы» қаулысына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі Б.Т.Султановтың өкілеттіктері тоқтатылды. Мамандандырылған комитеттің жаңа Төрағасы туралы мәселе талқылау үстінде.

Стратегия комитеті

**Комитет Төрағасы –
Дәленов Руслан Ерболатұлы**

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен Стратегия комитеті құрылды. Оның құзыретіне төмендегі мәселелер бойынша Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындап шығару жатқызылды:

► Қордың 10-жылдық кезеңге даму стратегиясын және Қордың 5-жылдық кезеңге даму жоспарын оларды кейіннен Қордың Директорлар кеңесіне қарау үшін алдын ала мақұлдау;

- Қордың Директорлар кеңесінің Қордың Даму стратегиясы мен Даму жоспарын іске асыруды мониторингтеу және бақылау мақсатында Даму стратегиясын, Қордың Даму жоспарын іске асыру (мониторинг) барысы туралы есептерді қарау;
- Ұлттық компанияларды даму стратегияларының ұлттық стратегиялардың, міндеттер мен мемлекеттік бағдарламалардың декомпозицияланған стратегиялық көрсеткіштерімен сәйкес болуы туралы Қордың ақпаратын қарау.

Стратегия комитетінің мүшесі

Лауазымы

Дәленов Руслан Ерболатұлы	ҚР Ұлттық экономика министрі Комитет Төрағасы
Сэр Ричард Эванс	Тәуелсіз директор, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Комитет мүшесі
Боранкулова Лаззат Жанузаковна	«Самұрық-Қазына» АҚ стратегиялық даму жөніндегі басқарушы директоры Комитет мүшесі

Комитет дауыс беру құқығы бар 3 мүшеден құралады. Бұл ретте салалық мемлекеттік органдардың өкілдері Комитеттің отырыстарына кеңесші дауыс беру құқығы бар сарапшы ретінде қатыса алады.



БАСҚАРМА

Басқарманың құзыретіне жататын негізгі міндеттер мыналар болып табылады:

- ▶ Қордың бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- ▶ Қордың акцияларын төлеу үшін берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау бойынша бағалаушының қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;
- ▶ «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңға сәйкес Қордың жалғыз акционері немесе директорлар кеңесі қабылдайтын мәселелер бойынша шешім шығаруды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) жарғыға сәйкес акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының, компанияның өзге органының немесе Қор акционері, қатысушысы болып табылатын немесе

мүліктегі үлеске құқығы бар өзге заңды тұлғаның құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау;

- ▶ Ұлттық компаниялардың, сондай-ақ барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) меншік құқығында және (немесе) сенімді басқару құқығында Қорға тиесілі заңды тұлғалардың атқарушы органдарының басшыларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерін келісу;
- ▶ Инвестициялық шешімдердің және инвестициялық жобалардың толықтығы және оларды іске асыру мерзімдері бойынша кедергілердің болуына жол бермеу бойынша компанияларға қатысты жедел шараларды қабылдау;
- ▶ Компанияларға қатысты бірыңғай (соның ішінде компаниялардың қызмет салалары бойынша)

қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық, ақшаны басқару жөніндегі, кадрлық, әлеуметтік және өзге саясатты құру;

- ▶ Қор тобына кіретін ұйымдарды корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- ▶ Дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елуден астам пайызына тікелей немесе жанама түрде Қор билік жасайтын ПК қатысты әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекіту;
- ▶ Компаниялардың даму жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалуына мониторинг жүргізу ережелерін бекіту;
- ▶ Дивидендтік саясатты және компаниялар үшін дивидендтерді есептеу нормативтерін бекіту;

- ▶ Қордың штаттың санын, штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту;
- ▶ Қордың филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешімдерді қабылдау;
- ▶ Қор Басқармасы үшін ұсыныстарды жасап шығару мақсатында Қор Басқармасының жанында Қор, компаниялар қызметкерлерінен және басқа тұлғалардан құралатын комитеттерді құру туралы шешім қабылдау;
- ▶ Қор немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;
- ▶ Жыл сайын ПК қызметінің нәтижелерін тыңдай және компаниялар қызметінің нәтижелері туралы есепті Қордың Директорлар кеңесіне ұсыну.





**ЕСИМОВ
АХМЕТЖАН СМАҒҰЛҰЛЫ**

Басқарма Төрағасы
2017 жылдың желтоқсан айында Басқарма Төрағасы болып тағайындалды.

«Самұрық-Қазына» АҚ қызметіне жалпы жетекшілікті жүзеге асырады, заңнамамен, Қор Жарғысымен, сондай-ақ Қордың ішкі актілерімен белгіленген функцияларды орындайды.

БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ



**ҚАРЫМСАКОВ
БЕЙБІТ ЕРКІНБАЙҰЛЫ**

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

*1962 жылғы 31 қазанда
Жамбыл облысында дүниеге келген.*

1985 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын «Экономикалық ақпаратты механикаландырылған өңдеуді ұйымдастыру» мамандығы бойынша, 2004 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Юриспруденция» мамандығы бойынша бітірген.

1990–1993 жж. – «Тянь-Шань» кооперативінің бухгалтері.

1993–1996 жж. – Қордай аудандық қаржы бөлімінің Бюджет жөніндегі инспекция бастығы – меңгерушінің орынбасары.

1996–2014 жж. – Алматы және Алматы облысының салық органдарында жетекшілік лауазымдарды қызмет атқарды.

2014–2015 жж. – Алматы қаласы әкімінің аппарат басшысы.

2015–2018 жж. – «Астана ЭКСПО-2017» ҰК АҚ басқарушы директоры.

2018 жылғы қаңтар айынан бастап – «Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры



**КРАВЧЕНКО
АНДРЕЙ НИКОЛАЕВИЧ**

Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор

1966 жылғы 19 шілдеде Талдықорған облысында дүниеге келген.

В 1991 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Юриспруденция» мамандығы бойынша, 2011 жылы Мәскеу бизнес-мектебін бітірген.

1994–1997 жж. – Талдықорған облысының прокуроры, аға прокуроры, прокуратура бөлімінің көмекшісі.

1997–2011 жж. – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аға прокуроры, бөлім бастығы, бастықтың орынбасары, мемлекеттік органдардың қызметіндегі заңдылықты қадағалау жөніндегі департамент бастығы.

2011–2017 жж. – Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары.

2018 жылғы қазан айынан бастап – Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі.



**ЖАНӘДІЛ
ЕРНАР БЕЙСЕНҰЛЫ**

Экономика және қаржы жөніндегі тең басқарушы директор

Әр жылдары Philip Morris Kazakhstan-да, «ЭлитСтрой» ЖШС-нде, PricewaterhouseCoopers халықаралық аудиторлық фирмасында жұмыс істеген. «Самұрық-Қазына» АҚ келгеннен кейін Ішкі аудит қызметінің жұмысы үшін жауапты болды, сондай-ақ Аудит комитетінің және Қордың Директорлар кеңесінің жанындағы Трансформацияны бақылау жөніндегі комитеттің хатшысы міндеттерін атқарды және Қордың бірқатар еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі болды. 2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ қаржылық бақылаушысының лауазымына тағайындалды және 2016 жылғы қараша айынан бастап қаржы және операциялар жөніндегі басқару директордың міндеттерін орындады.



**ТҰТҚЫШЕВ
ЕРЖАН БЕКСҰЛТАНҰЛЫ**

Активтерді дамыту департаментінің директоры

Еңбек жолын 2004 жылы Санкт-Петербург қаласында «Маркетинг және сауда бойынша Дж.Т.И.» (Japan Tobacco International) бухгалтер қызметінен бастады. Кейін «Қазақстан даму банкі» АҚ Стратегиялық жоспарлау басқармасының бас менеджері болды. Ernst & Young және PricewaterhouseCoopers халықаралық консалтингтік компанияларында жұмыс тәжірибесі бар. Әртүрлі жылдары «Астана-финанс» АҚ, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы лауазымдарда еңбек етті. 2014 жылдың шілдесінен бастап «Самұрық-Қазына» АҚ бизнесті дамыту жөніндегі

директордың орынбасары, жаңа салаларды дамыту жөніндегі тең-басқарушы директоры қызметтерін атқарды. 2018 жылдың 11 қаңтарынан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ активтерді дамыту департаментінің директоры.

Урбан-Шампейндегі Иллинойс университетінің қаржы магистрі дәрежесін иеленген (University of Illinois at Urbana-Champaign).

2018 жылғы Басқарма құрамындағы өзгерістер

Басқарма мүшесі	Лауазымы	Мәртебесі
Айдарбаев Алик Серикович	Басқарма Төрағасының активтерді басқару жөніндегі орынбасары	
Грюал Балжит Каур	Стратегиялық даму жөніндегі басқару директор	Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттіктері тоқтатылды
Битенов Гани	Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор	
Қарымсаков Бейбіт Еркінбайұлы	Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор	
Кравченко Андрей Николаевич	Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор	Басқарманың құрамына сайланды

Басқарманың қызметі туралы есеп

2018 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 42 отырысын, оның ішінде 34 күндізгі және 8 сырттай отырыс өткізілді. 2017 жылдың тура осы кезеңімен салыстырғанда, күндізгі отырыстардың саны 27-ден 34 дейін көбейді.

Жалпы, Қор Басқармасының отырыстары Қор Басқармасының Жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі негізде өткізіліп тұрды.

Тұрақты негізде ақпараттық сессиялар жүргізілді және Қордың құрылымдық бөлімшелеріне және қайта қабылданған Қор қызметкерлеріне материалдарды Қор басқармасының отырыстарына дайындау туралы ақпарат берілді, сондай-ақ қызметтік хаттар жіберілді.



Қор Басқармасы қабылдаған шешімдердің ішінен төмендегілерді бөліп шығаруға болады:

Корпоративтік басқару

- ▶ Қоржындық компаниялардың Директорлар кеңесінің құрамдары туралы («Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Эйр Астана» АҚ, «КОРЭМ» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ, «Qazaq Air» АҚ, «Біріккен химиялық компания» ЖШС, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС, «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС);
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ 12 Қоржындық компаниясындағы корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау нәтижелері

Активтерді басқару

- ▶ О реализации 100% долей участия «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ң «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС жарғылық

- капиталына қатысу үлесінің 100% «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына өткізу туралы;
- ▶ Құрамына Alatau Shipping Ltd., Altai Shipping Ltd., Kazmortransflot Ltd., Kazmortransflot UK Ltd. кіретін «Казмортрансфлот» ЖШС қатысу үлесінің 51% өткізу тәсілін анықтау туралы;
- ▶ «KMG Drilling & Services» ЖШС-ң «КМГ Паркер Дриллинг Компани» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 49% сатып алуды алдын ала мақұлдау туралы;
- ▶ «Қазатомөнеркәсіп-Даму» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес кәсіпорны) «Самұрық-Сервис» басқарушы компаниясы» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 30% иеліктен шығаруды көздейтін M&A жобасын мақұлдау туралы.

Инвестициялық қызмет

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ мен «China International Capital Corporation (Hong Kong) Limited; арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ мен «WINTA INVESTMENT GROUP CO. LTD арасында Өзара түсіністік туралы меморандумды жасасу туралы;
- ▶ «Атырау облысында интеграцияланған газ-химия кешенін салу» жобасын іске асыру аясында Borealis AG компаниясымен ынтымақтастық туралы.

Орташа мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау

- ▶ Дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы меншік құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі ұйымдардың директорлар кеңестеріне, қадағалау кеңестеріне ұйымдардың 2018-2028

- жылдарға арналған «Самұрық-Қазына» АҚ болжамдары (ұзақ мерзімді) туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;

Қордың нормативтік-құқықтық базасын құру

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ жаңа редакциядағы Құжаттаманы басқару қағидаларын бекіту туралы;
- ▶ Жаңа редакциядағы Тауарлардың маркетингтік бағаларын анықтау қағидаларын бекіту туралы;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елуден астам пайызына тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ ие болып табылатын заңды тұлғалардың Инвестициялық қызметінің корпоративтік стандартын бекіту туралы.

Жасалуына «Самұрық-Қазына» АҚ қызығушылық танытатын мәмілелер тізбесі

№	Мәміленің атауы	«Самұрық- Қазына» АҚ шешімі
1	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жиынтықта жасалуына қызығушылық танылатын ірі мәміле болып табылатын бір бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасасу туралы	Басқарманың 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 27/17 шешімі
2	Нарықтық бағаны бағалау және «Самұрық-Энерго» АҚ акциялар пакетін өткізу бойынша мәмілені сүйемелдеу бойынша кеңес беру қызметтерін сатып алу туралы шарт	Басқарманың 2018 жылғы 09 шілдедегі № 21/18 шешімі

Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелеріне сыйақы беру

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері Директорлар кеңесінің Қорды сәтті басқару үшін талап етілетін деңгейдегі әрбір мүшесін тарту, ұстау және ынталандыру үшін жеткілікті болуы тиіс. Бұл ретте, бірде-бір тұлға жеке сыйақыға байланысты шешімдердің қабылдануына қатыспауы керек.

Қордың тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу Қордың Директорлар кеңесінің 2009

жылғы 27 сәуірдегі шешімімен (№ 18 хаттама) бекітілген Қордың тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларына және тәуелсіз директорлармен жасалған шарттарға сәйкес жүргізіледі. Мұндайда осы тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан Қор үшін күтілетін оң әсері назарға алынады. Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директор лауазымына үміткердің

сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстар енгізеді.

Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, Қор қызметінің ауқымы, даму стратегиясымен айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарастыратын мәселелердің күрделілігі, осы сияқты компаниялардағы сыйақылардың деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларға шолу жасау) назарға алынады.

Тәуелсіз директорларға сыйақы келесі шарттарды орындаған жағдайда төленеді:

- ▶ Қордың мүддесін анағұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдалана отырып, Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін адал орындау;
- ▶ шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны және Қордың ішкі құжаттарын басшылыққа алу;
- ▶ науқастану, демалыс, іссапарды қоспағанда, Қордың директорлар кеңесі отырыстарына қатысу.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру

Қордың Директорлар кеңесі лауазымдық айлықақының мөлшерін, Қор Басқармасы Төрағасына және мүшелеріне еңбегіне ақы төлеу шарттарын айқындайды. Оларға сыйақы беруде Қордың Директорлар Кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті негізгі рөл атқарады.

Қордың Басқарма Төрағасына және мүшелеріне сыйақы беру жүйесі Қордың Директорлар кеңесімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма

Төрағасының және мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарына сәйкес айқындалады және өз ішінде лауазымдық айлықақыны, тиісті кезең үшін жұмыс қорытындысы бойынша сыйақыны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай біржолғы сыйлықақыны қамтиды.

Тиісті кезең үшін жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы оны қол жеткізген жетістіктері үшін материалдық көтермелеу

және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында Басқарма Төрағасының және мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты төленеді.

Сыйақы төлеу үшін басты шарт – есеп беру жылы үшін шоғырландырылған қорытынды табыстың бар болуы болып табылады.

ГЛОССАРИЙ

Осы Жылдық есепте келесі анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылды:

%	Пайыз	ROE	Меншікті капиталдың рентабельділігінің коэффициенті
BAC	«British Aircraft Corporation» компаниясы	Samruk-Kazyna Trust	«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры
Brent	Мұнай маркасы	S&P	Standard & Poor's, халықаралық рейтинг агенттігі
EBITDA	Пайыздарды, салықтарды, тозуды және амортизацияны шегеруге дейінгі пайда	USD, \$, АҚШ долл.	АҚШ доллары
Fitch	Fitch Ratings рейтинг агенттігі	ӘБП	Әкімшілік басқару персоналы
CFaR	Constant false alarm rate, жалған үрейдің тұрақты ықтималдығы, CFAR бейімдеу алгоритмі	Б.п.	Базистік пунктiлер
CIMA	Chartered Institute of Management Accountants, Басқару есебі жөніндегі сертификатталған маман	баррель	«бөшкеге» тең, сусымалы заттар мен сұйықтықтардың көлем өлшемі
Fortune 500	Әлемнің ең ірі 500 компаниясының рейтингісі	ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
GAP-талдау	Ажырауды саралау — стратегиялық талдау әдісі, соның көмегімен белгіленген мақсатқа қолжеткізуде қадамдарды іздеу жүзеге асырылады	ҰОС	Ұлы Отан Соғысы
GR	Government Relations, Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл	С.і.	Соның ішінде
GRI	Global Reporting Initiative, Есептілік жөніндегі ғаламдық бастама	ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
HR	Human Resources, Адами ресурстарды басқару	ЖОО	Жоғары оқу орны
IPO	Initial Public Offering, акцияларды алғашқы жария орналастыру	Қор Тобы	Қор, компаниялар, дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) 50% астамы компанияларға тиесілі олардың еншілес ұйымдары, сонымен қатар дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) 50% астамы компаниялардың аталған еншілес ұйымдарына тиесілі заңды тұлғалар
KZT	Қазақстандық теңге	МАЭС	Мемлекеттік аудандық электрстансасы
MBA	Master of Business Administration, Іскерлік Әкімшіліктеу шебері	ГЭС	гидроэлектростанция
Moody's	Халықаралық рейтинг агенттігі	ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
NAV	Активтердің таза құны	Басқ.	Басқа
PRIME	PricewaterhouseCoopers – международная сеть компаний, предлагающих услуги в области консалтинга и аудита	Д-р	Доктор
PwC	PricewaterhouseCoopers – консалтинг және аудит саласындағы қызметтерді ұсынатын компаниялардың халықаралық желісі	БМС	Балалар мильқ салдануы
SPO	Secondary public offering, акцияларды қайталама орналастыру	ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
QAZAQ AIR, «QAZAQ AIR» АҚ	«QAZAQ AIR» Акционерлік қоғамы	ЕPC-келісімшарт	Engineering, procurement and construction, құрылыс саласында келісімшарт жасау тәсілі
ROA	Активтердің рентабельділігінің коэффициенті	ЕО	Еуропалық Одақ
		т/ж	Темір жолдары
		ТБИ	Тұтынушылар бағасының индексі
		АЖ	Аппараттық жүйе
		ӘТИ	Әлеуметтік тұрақтылық индексі
		KEGOC, «KEGOC» АҚ	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» Акционерлік қоғамы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC»
		Қазпошта	«Қазпошта» Акционерлік қоғамы
		ҚазКСР	Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы
		ҚАӨ «Қазатом-өнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ	«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» Акционерлік қоғамы

кВт.сағ	Киловатт-сағат	ОТӨ	Отандық тауар өндірушілер
ҚЖМ	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғарғы мектебі	ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ҚІК	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс істері, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жер ресурстарын басқару комитеті	ТШИ	Тікелей шетелдік инвестициялар
ҚИ, АО «ҚИ» ҰК АҚ	«Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы	ЭО посты	Электрлік орталықтандыру посты
ҚМЭБИ	Қазақстан Менеджмент, экономика және болжау институты	Проф.	Профессор
КБК	Корпоративтік басқару кодексы	БТ	Басқарма Төрағасы
км	Километр	ҚР ҰҚ	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы (Жалғыз акционердің шешімі)
«ҚМГ» ҰК» АҚ	«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы	ҚР	Қазақстан Республикасы
Компаниялар, Қордың Қоржынды компаниялары, ҚК	Дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесінің) 50% астамы меншік немесе сенімді басқару құқығында Қорға тиесілі ұлттық компаниялар немесе басқа заңды тұлғалар	РФ	Ресей Федерациясы
ҚБК	Қызметтің басты көрсеткіші	ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
КТ	«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы	ІБЖ	Ішкі бақылау жүйесі
ҚТЖ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ	«Қазақстан Темір Жолы » ҰК» акционерлік қоғамы	ДК	Директорлар кеңесі
КБ	Корпоративтік басқару	СҚИ, «СҚИ» ЖШС	«Самұрық-Қазына Инвест» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
КО	«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік орталығы	БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
куб.м.	Кубтық метр	ҚМЖ	Құрылыс-монтаждау жұмыстары
ІІМ	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достығы
МВт	Мегаватт	ӨҚ	Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры	КСРО	Кеңестік социалистік республикалар одағы
млн	Миллион	Стейкхолдер	Мүдделі тарап
млрд	Миллиард	АҚШ	Америка Құрама Штаттары
ЖҚ	Жергілікті қамту	С-Э, «Самұрық-Энерго» АҚ	«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы
ҚЕХС	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары	АЭА	Арнайы экономикалық аймақ
ХҚОА	Халықаралық Қаржы Орталығы Астана	ТКС, «Тау-Кен Самұрық» АҚ	«Тау-Кен Самұрық» акционерлік қоғамы
НАТО	Солтүстік Атлант шарты ұйымы	«Біріккен химиялық компания» ЖШС, БХК	«Біріккен химиялық компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ҰИМТ, «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ	«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын басқару компаниясы» акционерлік қоғамы	трлн	Триллион
МҚӨЗ	Мұнай қайта өңдеу зауыты	мың	Мың
МХЗ	Мұнай-химия зауыты	ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ЖӘШ	Жалпы және әкімшілік шығыстар	ЖЭС	Жылу электростанциясы
БАӘ	Біріккен Араб Әмірліктері	БК	Басқарушы компания
ОПЕК, ОРЕС	The Organization of the Petroleum Exporting Countries, Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы	ҰӘҚ	Ұлттық әл-ауқат қоры(лары)
НҚ	Негізгі құрал/Негізгі құралдар	д.	Дана
		ШГЭС	Шүлбі гидроэлектростанциясы
		Эйр Астана, «Эйр Астана» АҚ	«Эйр Астана» акционерлік қоғамы

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы 010000, Нұр-Сұлтан қаласы,

Заңды: ұл. Е10, дом 17/10

Нақты: ұл. Е10, дом 17/10

Колл-орталық: + 7 (7172) 55 4001

Кеңсе: +7 (7172) 55 4077, 55 2630, 55 2681

Орын алған немесе болжалды ұрлау, алаяқтық және сыбайлас жемқорлық фактілері жөнінде:

8 (800) 080 19 94,
sk.hotline@deloitte.kz
www.sk.deloitte-hotline.com

БАҚ өзара әрекеттесу мәселелері жөнінде

+7(7172) 55 4173, 55 2625, 55 2690

«Самұрық-Қазына» АҚ сатып алуларын жүзеге асыру бақылау

+7 (7172) 55 2713, 55 4993

Кадрлық мәселелер жөнінде

+7 (7172) 55 4175, 55 4049

Жекешелендіру бағдарламасының мәселелері жөнінде

+7 (7172) 55-22-66
+7 (7172) 55-92-81
DPRA@sk.kz

Инвесторлармен өзара әрекеттесу мәселелері жөнінде

+7 (7172) 55 4071, 55 4033
ir@sk.kz

Сатып алулар порталын техникалық қолдау

+7 (7172) 55 2266
support2@skc.kz